

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



РЕВАКЦИНА –
ДЕНСАУЛЫҚ
КЕПІЛІ

5

ТҰЛҒАТАНУ



ЖЫРЫМЕН ЖІГЕР
СЫЙЛАҒАН

7

ЖАҚЫНЫҢА
ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 22 қарашадағы
мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 016 889

II компонентпен
969 923

адам вакцина салдырды

2021 жылғы 22 қарашадағы
мәлімет бойынша Қазақстанда

I компонентпен – **8 636 938** адам,
II компонентпен **7 946 142** адам
вакцина салдырды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

23.11.2021

Түнде:

0+2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің
жылдамдығы:
2-7 м/с**

24.11.2021

Түнде:

0-2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+10+12 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с**

АЗАМАТТЫҚ ФОРУМ –

қоғамның, билік пен
бизнестің сындарлы
диалогын құратын
еліміздің басты алаңы

Кеше Үкіметтік емес сектормен өзара
іс-қимыл саласында Қазақстан
Тәуелсіздігінің 30 жылдығының ең ірі
оқиғасы: «Қоғам мен мемлекеттің
тұрақты дамуы мүддесіндегі
әріптестіктің 30 жылы» тақырыбымен
Қазақстанның X Азаматтық форумы
басталды.

Форумды Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, Қазақстанның Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева ашты. Министр өз сөзінде X Азаматтық форумының жұмысы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығының қорытындыларына арналған маңызды оқиға екенін атап өтті. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның азаматтық секторы ондаған ҰЕҰ-дан басталғанын еске салған А.Балаева бүгінде еліміздің бұл саласы Орталық Азиядағы ең дамыған қоғамдық институтқа айналғанын айтты. Мәселен, жыл сайын қазақстандық «үшінші сектордың» қатары орта есеппен 150 жаңа қатысушыға қосылып келеді.


«Азаматтық форум – «ҰЕҰ өкілдерінің декларативті-хаттамалық жиыны» ғана емес, қолданбалы идеялар мен бастамалар туындайтын, министрлер мен әкімдер азаматтық белсенділермен тең дәрежеде бірлескен іс-қимыл жоспарларын жасайтын, жекелеген әлеуметтік проблемаларды шешуге мемлекет ҰЕҰ-ды тартатын нақты жұмыс процесі», – деді министр.



ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕ

КӨЛІК ЖҮКТЕМЕСІ АЗАЯДЫ

Алматыда Құлжа тасжолындағы
көлік жолайрығының эстакадасы ашылды



Аталған жолайрықтың құрылысын
қала әкімі Бақытжан Сағынтаев
ерекше бақылауға алып отыр.

Жексенбі күні Бұқтырма көшесі мен Құлжа тасжолы қиылысында салынып жатқан көлік жолайрығындағы эстакада іске қосылды. Құлжа тасжолы бойымен жүретін көліктерге екі бағытта да жол ашылды. Енді көлік тізгіндегендерге шығыс бағытта бұрылыс алаңқайына бармастан Бұқтырма көшесінен Құлжа тасжолына бірден бұрылуға болады.

Ал барлық бағыттағы қозғалысты ашу 2022 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарланған. Төрт және алты жолақты заманауи жолайрық шығыс айналма автожолын әуежайға апаратын жолмен байланыстырады және

учаскенің жүктемесін жеңілдетеді. Құлжа трактісі бойындағы эстакаданың ұзындығы 784 метр, Бұқтырма көшесіндегі туннель 570 метр. Абаттандыру кезінде жақын аумақтарға 750 ағаш отырғызылады.

Естеріңізге сала кетейік, Алматыдағы салынып жатқан жол құрылыстары жұмыстарымен танысу барысында қала басшысы ірі көлік жолайрықтарындағы құрылысты жеделдетіп, қараша айында қолданысқа берілуін тапсырған болатын.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚЫСҚА...

- Ақорда әлемдегі ең әдемі 10 резиденцияның қатарында аталып, 7-орынды иеленді.
- 8 желтоқсан күні екі жапон туристі мен ресейлік ғарышкер Байқоңырдан ғарышқа ұшады.
- Елімізде интернет алаяқтық өткен жылмен салыстырғанда 80 пайызға артып, биыл 17 800 қылмыс жасалған.
- 23–25 қараша күндері елімізде 23 градусқа дейін аяз болып, қалың қар жауады деп күтілуде.
- Мегаполисте карантин шаралары жеңілдетілді.
- Алматыда коронавирустан 24 бала емделіп жатыр.

www.almaty-akshamy.kz





«ЕЛБАСЫ. ТӘУЕЛСІЗДІК. ПАРЛАМЕНТ»

Тұңғыш Президент күніне орай Мәжіліс халықаралық парламенттік конференция ұйымдастырды



ҚР Парламенті Мәжілісінің Баспасөз қызметі хабарлағандай, Нұр-Сұлтан қаласында халықаралық парламенттік конференция өтті.

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Мәжіліс ұйымдастырған «Елбасы. Тәуелсіздік. Парламент» атты дәстүрлі шара Тұңғыш Президент күніне арналды. Парламент Мәжілісі жыл сайын Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастыратын форумға Әзербайжан, Түркия, Өзбекстан, Ресей, Словакия парламенттерінің басшылары, Еуропалық Парламент, ТүркПА парламент өкілдері, Мәжіліс және Сенат депутаттары, мемлекеттік органдардың, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мен сарапшылар қауымдастығы қатысты.

Конференцияны алғысөзбен ашқан Мәжіліс Төрағасы биыл тәуелсіз Қазақстанның құрылғанына 30 жыл толатынын, бұл тағы бір тарихи белес екенін, еліміз бағындырған әрбір жеңіс тікелей Елбасының атымен байланысты екенін айтты, Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиясының

нәтижесінде Қазақстан зор жетістіктерге қол жеткізгенін атап өтті. Сонымен қатар, Палата Спикері Тұңғыш Президентіміздің «алдымен экономика, одан кейін саясат» деген ұстанымының арқасында еліміз қиындықтарды жеңіп, осы кезеңде қос Палаталық кәсіби Парламент Елбасының және Президенттің заңнамалық тірегі болғанына назар аударды.

«Биыл ел тәуелсіздігінің 30 жылдығымен қатар, Қазақстан Парламентінің құрылғанына да 25 жыл толды. Парламент осы жылдар ішінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың маңызды бастамаларын заң деңгейінде қолдап, барлық реформаларды қажетті, сапалы заңдармен қамтамасыз етті. Бұл жұмыс қазіргі уақытта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың алға қойған міндеттерін орындау мақсатында тиімді жалғасып келеді. Бүгінде Парламенттен шыққан әрбір құжат халқымыздың, еліміздің экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени дамуының заңнамалық тірегіне айналды деуге болады», – деді Мәжіліс Төрағасы. Нұрлан Нығматулин бүгінде Конституция-

лық реформа нәтижесінде Парламенттің өкілеттігі күшейтілгенін, өткен жылы Мемлекет басшысының бастамасымен Парламенттік оппозиция институты енгізіліп, саяси бәсекелестікті күшейту үшін «Саяси партиялар туралы», «Сайлау туралы», «Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы» заңдарға тиісті өзгерістер енгізілгенін қадап айтты. Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Елбасының бағытын жалғастыра отырып, саяси реформаларын іске асырып, Қазақстан қоғамы өмірінің барлық салаларын жаңғырту үшін бірқатар маңызды бастамалар ұсынып отырғанына маңыз берді.

Халықаралық конференцияға қатысқан мәртебелі меймандар Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекетті қалыптастыру, оның саяси жүйесін жетілдіру және тұрақтылықты қамтамасыз ету жолындағы ерен еңбектерін, халықаралық деңгейдегі мәртебесі мен жоғары беделге ие екенін әңгімеледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АЗАМАТТЫҚ ФОРУМ –

қоғамның, билік пен бизнестің сындарлы диалогын құратын еліміздің басты алаңы

(Басы 1-бетте)

Х Азаматтық форум жұмысына тұңғыш рет Қазақстанның ЕҚЫҰ, БҰҰДБ, ЮНИСЕФ, Фридрих Эберт қоры, ЮНЕСКО, ЮСАИД сияқты халықаралық серіктестері қатысуда. А.Балаева олардың қазақстандық азаматтық қоғамның дамуына қосқан елеулі үлесін атап өтті. «Бұл миссияларға сындарлы диалог пен құнды ұсыныстар үшін, өзара түсіністік пен қолдау үшін, адамгершілік пен ашықтық танытқаны үшін алғыс айтқым келеді», – деді ол.

Өз кезегінде Қазақстанның Азаматтық альянсының президенті Б.Нұрғазиева Азаматтық форум – қоғамның, билік пен бизнестің сындарлы диалогын құратын еліміздің басты алаңы екенін атап өтті. Бүгінде Азаматтық Форум жалпыұлттық сипатқа ие болды. Ол халық пен билік арасындағы кері байланыстың тиімді механизміне айналды. Үкіметтік емес сектор нақты қоғамдық күшке қалыптасты деп пайымдауға барлық негіз бар», – деді ол.

Х Азаматтық форумның жұмысы 22–26 қараша аралығында Нұр-Сұлтан және Алматы

қалаларында 5 күн бойы гибриді: онлайн да, офлайн форматта да өтеді. Форумға қатысуға ниет білдіргендердің барлығы қатыса алады, тікелей эфир YouTube және Facebook әлеуметтік желілеріндегі арнайы ресми парақшаларында күн сайын өткізіледі, яғни өз сұрақтарын қойып, жедел түрде кері байланыс ала алады. ҰЕҰ мен қоғам, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор, БАҚ және бизнес өкілдерінің арасынан 20 мыңнан астам қатысушыны қамту жоспарлануда.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҰЛЫ ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Алматы қаласы музейлер бірлестігіне қарасты «С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінде» «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында белгілі тұлғалар – Ж.Жабаевтың 175 жылдығына, М.Мақатаевтың 90 жылдығына арналған әдеби-танымдық кештер өтті. Осы бағдарлама аясында көрнекті ағартушы-педагог, ғалым, ұстаз, жазушы, этнограф Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай, оның ұрпаққа қалдырған рухани бай мұрасын насихаттау мақсатында «Ұстаз ұлағаты» атты әдеби-танымдық кеш өтті. Әдеби-танымдық кешке Абай атындағы ҚазҰПУ Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, педагогика ғылымының докторы Әмина Әмірова, ақын, Қырғызстанның «Молда Бағыш» атындағы әдеби сыйлығының лауреаты, Түркі мемлекеттерінің халықаралық «Назар чиір ақшамлары» фестивалінің дипломанты, Республикалық «Мәлдір бұлақ» журналының бас редакторы Дәулетбек Байтұрсынұлы және Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназияның қазақ тілі мен

әдебиеті пәнінің мұғалімі Әнел Жанай қатысты. Кеш барысында қатысушылар ғалымның шығармашылығы, еңбектері, көне әліппе мен қазіргі әліппе оқулықтары арасындағы сабақтастық жөнінде ойларын ортаға салды. Ұлы ұстаз ұлағатының ұрпаққа қалдырған өнегесі туралы ой толғап, сыр шертті. Кешті ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Музей кешенінің жетекшісі Әділғазы Қайырбеков жүргізді. Кешке зиялы қауым өкілдері, Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназия мен №43 жалпы білім беретін мектептің мұғалімдері, Республикалық Жоғары медициналық колледжінің студенттері, музей қызметкерлері қатысты.

Ұлы тұлғаларымызға арналған танымдық кештердің болашақ жас ұрпақ тәрбиесіне, ой-көкірегінің дамуына қосар үлесі зор екені анық.

Назгүл АЛТАЕВА,
С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің
әдеби-мемориалдық музей
кешенінің ғылыми
бөлім жетекшісі.

Қазақстандықтар желтоқсан, қаңтарда қанша күн демалады?

2021 жылдың соңғы айында аптасына бес күн жұмыс істейтін қазақстандықтар **11** күн демалады. Тұңғыш Президент күні **1** желтоқсанда тойланады және сәрсенбіге сәйкес келді. Бұл күні ел тұрғындары алғашқы демалыс күнін өткізеді.

Тәуелсіздік күні **16** және **17** желтоқсанда тойланады. Екі мерекеден кейін бірден екі тұрақты демалыс болады – сенбі және жексенбі, **18** және **19** желтоқсан.

31 желтоқсан қазақстандықтардың көпшілігі үшін жұмыс күні. Жылдың соңғы күні жұмаға сәйкес келеді.

Жаңа жыл қарсаңында қазақстандықтар үшін **4** күн қатарынан – **1, 2, 3** және **4** қаңтар демалыс болады.

Рождество, **7** қаңтар, жұмаға сәйкес келеді, сондықтан демалыс күндері үш күнге созылады.

2022 жылы қазақстандықтар барлығы **245** күн жұмыс істеп, **120** күн демалады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ



Шаһардағы 60 жастан асқан

121 828
қарт екпе алған.



Бұқтырма көшесінде

570 метрлік
туннельдік өткел салынауда.



Алматылық

40 000

бала спорт секцияларына
тегін қатыса алады.



Шаһардағы учаскелік
полиция қызметкерлеріне
әлеуметтік желіде

470 000-нан
астам адам жазылды.



Мегаполисте

17

конфессия бар.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақ білімінің қарашаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Түркияның экс-президенті Абдулла Гүлмен кездесу өтті. «Фараби» ғылыми кітапханасында өткен кездесуге белгілі саясаткерлер, дипломаттар, зиялы қауым өкілдері, БАҚ пен оқу ордасының ұжымы қатысты.



Рая
ЕСКЕНДІР

Айтулы шараны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, университетке ат басын бұрған құрметті мейманға алғысын білдірді. Ректор өз сөзінде Қазақстан мен Түркия арасындағы достық пен жемісті ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті.

– Қазақстан мен Түркия – бауырлас мемлекет. Екі елдің қарым-қатынасы тәуелсіздікке дейін басталған. Қазақстан егемендігін алғанда алғаш құттықтап, достық ниетін жеткізген де Түркия мемлекеті болды. 1992 жылы Қазақстан мен Түркия мемлекеттері ресми түрде дипломатиялық қарым-қатынас



орнатты. Сондықтан біз үшін тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай және алдағы екі ел ынтымақтастығының 30 жылдығы аясында Түркия Республикасының 11-ші Президенті Абдулла Гүл мырзаның университетімізге келгені айрықша мәртебе, – деді Ж.Түймебаев.

Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Түркияның экс-президенті Абдулла Гүл Қа-

зақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтап, ыстық лебізін білдірді. Сондай-ақ, тәуелсіз Қазақстанды дамытудағы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың елеулі рөлін ерекше атап өтті.

– Осындай кездесуді ұйымдастырып, жылы қабылдағандарыңыз үшін университет ректоры Жансейіт Түймебаевқа және ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін.

Қазақстан – біздің атажұртымыз. Баршаңызды Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен құттықтаймын! Қазақстанның жетістіктерін біз әрдайым ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен тығыз байланыстырамыз. Бүгінгі таңда Қазақстан әлемдік қоғамдастықта лайықты орын алып отыр. Бұл Нұрсұлтан Әбішұлының үлкен еңбегі. Көресен саясаткер халқының игілігі үшін көптеген шараларды ұйымдастырып, Қазақстанды биік белеске, жаңа деңгейге көтерді. Бүгінде Ұлт көшбасшысының сара жолын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жалғастырып келеді, – деп атап өтті Абдулла Гүл.

Сонымен қатар, дәл осы күні Абдулла Гүл жиналғандарға дәріс оқып, өзінің саясат сахнасындағы көпжылдық тәжірибесімен бөлісті. Кездесуге қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарына жауап берді.

Кездесу соңында Абдулла Гүлге әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Құрметті профессоры» атағы беріліп, «Әл-Фараби» Алтын медалімен марапаттады.

Абдулла Гүл 2002-2003 жылдар аралығында Түркияның премьер-министрі, кейін премьер-министрдің көмекшісі, шет ел істері министрі қызметін абыроймен атқарып, 2007-2014 жылдар аралығында Түркияның Президенті болды.

ПАРЫЗ

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛДЫ

Жолдағы қауіпсіздікті сақтау –
азаматтық жауапкершілік!



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

21 қараша – Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 2005 жылғы 1 желтоқсандағы №60/5 резолюциясымен қабылданған Дүниежүзілік жол-көлік оқиғаларының құрбандарын еске алу күні ретінде аталып өтті.

Осыған орай, «Қазақ жол қозғалысы қауіпсіздігі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, Алматы қаласы әкімдігі, Алматы қаласы Полиция департаменті және «Қаз-ЖолҒЗИ» АҚ бірлесіп жол-көлік оқиғаларының құрбандарын еске алу күніне арналған іс-шара өткізді. Іс-шараның мақсаты – қоғамның назарын жолдарда орын алып жатқан жол-көлік оқиғалары мен адам өлімі мәселелеріне аудару.

2018 жылғы желтоқсан айында Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы шығарған Дүниежүзілік денсаулық сақтау туралы есепке сәйкес, жыл сайын жол-көлік апаттарынан шамамен 1,35 миллион адам қайтыс болады. Мұндай жазатайым оқиғалар 5 пен 29 жас аралығындағы жастардың өлімінің негізгі себебі болып табылады.

Соңғы 10 жылда елдегі жол-көлік оқиғалары салдарынан 24 488 адам қайтыс

болды, оның ішінде 2021 жылы – 1847, 2020 жылы – 1997, 2019 жылы – 2373, 2018 жылы – 2096, 2017 жылы – 2086, 2016 жылы – 2390, 2015 жылы – 2453, 2014 жылы – 2585, 2013 жылы – 3037, 2012 жылы – 3022, 2011 жылы – 2449 адам қаза тапқан.

Шара ұйымдастырушылары келесі мәселелерді мәлімдеді:

– Жол қызметтерінің және апаттық құтқару қызметтерінің жұмыстарының ерекше маңыздылығын мойындаймыз.

– Жолдағы өлім мен жарақатқа қатысты тиімсіз құқықтық әрекетсіздікке назар аударуды қажет деп санаймыз.

– Жол-көлік оқиғаларының құрбандарына және олардың отбасыларына тиімдірек қолдау көрсету қажет екендігін жариялаймыз.

– Жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын өлім-жітімнің және жарақаттанудың алдын алуға және де одан әрі өсуіне жол бермеу үшін ғылыми негізделген шаралардың қабылдануына өз тарапымыздан үлесімізді қосамыз.

Акция аясында тәртіп сақшылары мен жобаны жүзеге асырушы ұйым өкілдері жүргізуші және жаяу жүргіншілермен сұхбат жасап, жолдағы қауіпсіздікті сақтаудағы жауапкершіліктері туралы сауалнама жүргізді.

МЕРЕЙ

Мегполисте Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Архив істері және құжаттаманы басқару комитеті ҚР Орталық мемлекеттік архивінің 100 жылдығына арналған салтанатты шара ұйымдастырылды. Іс-шараға Ақтоты Райымқұлова, Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, шетелдік қонақтар, республикалық және облыстық архивтер басшылары мен ардагерлері қатысты.



ЖАУҒАР ЖӘДІГЕРЛЕР ОРДАСЫ

Қазақстан тарихындағы алғашқы мемлекеттік архив
1921 жылы 1 қыркүйекте Қазақ АКСР-ның
тұңғыш астанасы – Орынбор қаласында құрылған



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Мереке Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің ғимаратына орна-тылған «1921–2021 ж.ж. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне 100 жыл» атты мемориалды ескерткіш-тақтаның ашылу салтанатынан басталды. Сонымен қатар, соңғы уақытта шет елдерден алынған құнды архив құжаттарының көшірмелерінен даярланған «Жауғар жәдігерлер» атты көрме мен архивтің 100 жылдық мерейтойына орай дайындалған және басып шығарылған құжаттардың ғылыми жинақтарының тұсаукесері өткізілді. Салтанатты жиында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хаты оқылды. «100 жылдық тарихында Орталық мемлекеттік архив әлемдегі ең ірі архивтердің біріне айналды, ол ең бай және қайталанбас тарихи құжаттарды біріктіре алды, өзіндік даму жолы мен ішкі дәстүрін қалыптастырды. Осы орайда, архив қызметкерлерінің баға жетпес үлесі мен еңбегі лайықты бағалануға тиіс. Бұл бағытта министрлік бірқатар жұмыстар атқарды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай алғаш рет 100-ден астам архив қызметкерлері «Архив саласының үздігі» ведомстволық наградасына ие болды. Сондай-ақ, 22 желтоқсанда алғаш рет кәсіби мереке «Архивші күні» атап өтеміз» деп жазылған Мемлекет басшысының құттықтау хатында.

Іс-шара барысында Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова мерейтойға қатысушыларды Орталық мемлекеттік архивтің 100 жылдық мерейтойымен құт-

тықтап, ғасыр бұрын құрылған архивтің мерейтойы тарихи санасы қалыптасқан мемлекет үшін маңызды оқиға екенін айтты. «Кез келген мемлекет үшін архив қызметінің стратегиялық маңызы бар. Ақпараттық технологияларды дамыту нәтижесінде бүгінгі таңда архив көздері ұлттық ресурстардың бірі және ұлттық бірегейлікті тәрбиелеудің маңызды көзі екені анық. Сондай-ақ, тұғырлы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын атап өтудің негізгі тұжырымдамасы жыл басында жарық көрген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында жан-жақты атап көрсетілді. Осы орайда, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев архив саласы туралы «Архив – қағаз қоймасы емес, нәр беруші көзделі» деп атап өткен болатын. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отырған бұл айтулы мереке – барша халқымыздың мерекесі», – деді Мәдениет және спорт министрі. Бұдан соң Ақтоты Райымқұлова бірқатар архив саласының қызметкерлерін «Архив саласының үздігі» төсбелгісімен және «Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне – 100 жыл» мерейтойлық медалімен марапаттады. Сонымен қатар, алқалы жиында «Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архивіне – 100 жыл» атты деректі фильмі, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына және Роза Бағланованың 100 жылдығына арналған фильмдер көрсетілді. Айта кететін жайт, Қазақстан тарихындағы алғашқы мемлекеттік архив 1921 жылы 1 қыркүйекте Қазақ АКСР-ның тұңғыш астанасы – Орынбор қаласында құрылған.



ҚҰРМЕТ

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Мегаполисте көрнекті ғалым-археолог Карл Байпақовтың құрметіне мемориалдық тақта орнатылды. Рәсімнің салтанатты ашылуына тарихшының замандастары, туыстары мен отбасы қатысты.



Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Олар ғалымның тұлғалық болмысын еске ала отырып, Карл Байпақовтың қазақ қоғамына сіңірген еңбегінің маңызына тоқталып өтті. Назарбаев даңғылында орналасқан 5 қабатты үйде профессор Карл Молдахметұлы 500-ден астам ғылыми мақала жазып, тарихи маңызы бар еңбектер қалдырды. Бүгін сол үйдің қабырғасына ескерткіш-тақта орнатылды. Салтанатты шараға жиналған қауым тұлғаның еңбек жолына тоқталып, оның мол мұрасының бүгінгі жастарға үлгі болатынын сөз етті. «Ол кісі әңгімені майын тамызатын еді. Қайда және қашан болды, кім болды, соның бәріне тоқталатын. Оны тыңдап отырып, құдды бір кино көргендей боласыз. Әр сөзі бір-біріне жалғасып, ұласып жататын», – деп еске алады К.Байпақовтың туысы Әділ Омар. Карл Байпаков Қазақстанның орта-ғасырлық қалаларының тарихын, шаһар мен дала арасындағы байланысты зерттеп, ғылымды жаңа бағытта дамытты. Халықаралық конференцияларға қатысып, ЮНЕСКО ұйымдастырған «Жібек жолы» экспедициясында Қазақстан тарапынан

жетекшілік етті. Бүгінде ғалымның жолын жары мен балалары жалғастырып жүр. «Бала күнінде әкемнің академик, ғылым докторы екенін білмейтінмін. Алайда, кейін мамандық таңдағанда асқар тауым – әкемнің жолын құдым. Оқуға түсер сәтте оның мансабын пайдаланбай, өз біліміме сендім. Бүгінде оның жарыққа шықпай қалған еңбектерін басып шығаруды қолға алдық», – дейді К.Байпақовтың қызы Лидия Байпақова. Олжас Сүлейменов айтқандай, «Есімі еуропаша, тегі нағыз қазаки азамат» отандық ғылымға ғана емес, дүниежүзілік ғылымның, оның ішінде тарих саласына үлес қосты.

Жетісу өңірін толық зерттеп, қазба жұмыстарын жүргізгеннен кейін қала мәдениетінің көнеден болғанын дәлелдеді дейді көзін көргендер. Ұлттық археологияның дамуына өз үлесін қосқан Карл Молдахметұлы артына өшпестей із қалдырды. Ол тарихты зерттеуде тынбай еңбек етіп, бірнеше монографияның авторы болды. Ал бүгінде тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында Алматыда ғалымның есімі қайта ұлықталды.

БАЙҚАУ

«Тәуелсіздік – тұмарым»

Қаламыздағы №6 Оқушылар үйінде Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай республикалық балалар мен жасөспірімдер және ұстаздар арасындағы байқау өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Байқауға еліміздің барлық өңірінен 100-ден аса өнерпаз бала қатысып, бірнеше номинация бойынша бақ сынасты. Байқауға қатысушыларға белгілі өнер иелері мен педагогтар әділқазылық етті. Сонымен, аталмыш байқаудың Бас жүлдесіне өнерпаздар мына аталымдар бойынша ие болды:

«Көркем сөз» аталымы бойынша Алматы облысы, Қарасай ауданынан келген Макпал Жүнісова мен Жамбыл облысы, Қордай ауданынан қатысқан Жандәулет Еламанов, ал байқаудың «Ақындық өнер» аталымына – Тынышбек Санжар (Жамбыл обл., Қордай ауданы), Жаркынай Марксова (БҚО, Орал қаласы).

«Сахналық көрініс» бойынша – «Шаңырақ» театры (Жамбыл обл., Байзақ ауданы), «Дәстүрлі ән» аталымына – Айдын Айбын, Ильясов Әлішер (Алматы обл. Жамбыл ауданы), «Аспапта ойнау» – Серғожа Айару, Қадрия Әбілқайыр – (Алматы қаласы, Медеу ауд.), Мұстафа Шахин – (Алматы қаласы), Мақсатқызы Сұңғыла – (Алматы обл., Жамбыл ауд.), Сабыр Ақниет – (Қызылорда обл., Қазалы ауданы), «Хореография» аталымына – «Айбибі» би тобы (Алматы обл., Қапшағай қаласы), «Қолөнер» аталымы бойынша – Қаппар Мінайым (Жамбыл обл., Байзақ ауд.), Әбдіханова Әлия, Нұркен Айлу (Жамбыл обл., Қордай ауданы) сынды өнерпаз балалар ие болды.

Сонымен қатар, «Вокал» аталымы бойынша 1-орынды Бақытжанқызы Мәдина, Жақсылық Диас (Қызылорда облысы, Қазалы ауданы), ал 2-орынды Нуриддин Гүлім (Шу қаласы) иеленді.

«Дәстүрлі ән» аталымы бойынша 1-орынға Бақыткелді Өнер, Алтынбек Балым, Асанова Айша, Мәлікжанқызы Мәрзия, Бәкіжан Айсұлтан (Алматы обл., Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы) лайық деп танылды.

«Аспапта ойнау» бойынша 1-орынды Ақылбай Жасмин, Қасым Нұрай, Досыбаев Сұлтан, Нұрмұхамед Әлібек, Ерден Ханкелді, Сыбанқұл Ерсұлтан, Сәбит Елдар, Жұматай Әлихан (Алматы обл., Жамбыл ауданы), Хабибулла Нұрсалим – (Алматы қаласы), Айзат Омарова (Қызылорда облысы, Шиелі ауданы) иеленді.

Ал 2-орын Мусина Айсұлу, Ақылбай Эльтайыр, Тұрсынжан Дарын, Мұхамеджан Әділет, Саятхан Ақжолға (Алматы қаласы, Медеу ауданы) бұйырды. «Көркем сөз» аталымының 2-орны Ақбота Асылбекова (Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы), «Хореография» аталымы бойынша 1-орынды «Әдемі-ай» би тобы (Алматы қаласы, 86 мектеп-гимназия) мен «Айбибі» би тобы (Алматы облысы, Қапшағай қаласы) алды, «Қолөнер» аталымының 1-орны – Әлімхожа Дамирге (Жамбыл облысы, Қордай ауданы) бұйырды. «Әссе» бойынша бас жүлде Әлім Аяжанға, 1-орынды Молдабекова Құралай, Кенесова Ақмарал, Ашықбай Ринат (Жамбыл облысы, Қордай ауданы) иеленді. Барлық байқау жеңімпаздарына «Мерекке» балалар мен жасөспірімдер өнер орталығы атынан бағалы сыйлықтар мен Мақтау қағаздары табыс етілді.

КОНФЕРЕНЦИЯ

Білім ордасына – 20 жыл!

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Қазақстан–Британ техникалық университетінің негізі қаланғанына 20 жыл толуына орай ҚБТУ алаңында «Білім беру технологияларындағы түрленім. Энергетика, IT және бизнес: шарттары мен мүмкіндіктері» халықаралық конференциясы өтті.



Динара
МҰРАТ

Конференцияның шымылдығын университет ректорының қызметін атқарушы Маратбек Ғабдуллин ашып, университеттің 20 жылдық тарихына шолу жасады. «Нұрсұлтан Назарбаевтың білім беру қоры» директоры Динара Құлыбаева өзінің құттықтау хатын жіберді.

«2021 жыл – Қазақстан–Британ техникалық университетінің 20 жылдығы. Осы жиырма жыл ішінде білім ошағы заманауи, ғылыми білім беру орталығына, еліміздің техникалық бағыттағы алдыңғы қатарлы жоғары оқу орнына айналды. Қазір инженерлік, технологиялар мен бизнес саласында бәсекеге қабілетті мамандарды шығаруда да озықтар қатарындағы оқу орны. Мұндай жетістіктердің барлығы сапалы білім беретін профессор-оқытушылар құрамының еңбегінің арқасы. Сондықтан университеттің кірпіші қалануына, дамып өркендеуіне үлес қосқан барша жандарды бүгінгі мерейлі мерекемен құттықтаймын!», – делінген құттықтау хатта.

Одан бөлек, білім ордасының мерейтойы қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың да назарынан тыс қалмай, Қоғамдық даму басқармасының басшысы Диас Есдәулетов оның сәлемдесімін оқыды.

«Биыл еліміз қастерлі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына қадам басып отыр. Тәуелсіздікті айғақтайтын «ҚР Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң 1991 жылы 16 желтоқсан арайлы Алматымыздың төріндегі бұрынғы Үкімет үйі, қазір ҚБТУ орналасқан тарихи маңызы бар ғимаратта қабылданды. Осынау тәуелсіздіктің мерейлі датасымен тұспа-тұс келген университеттің 20 жылдық мерейтойымен сіздерді шын жүректен құттықтаймын! Мұнда экономика, мұнай-газ, энергетика, ақпараттық технологиялар және геологиялық барлау салаларында озық білім алуға барлық жағдай жасалған. Білім сапасы университеттің техникалық базасы, білікті профессорлық-оқытушылар құрамы көптеген жылдар бойы республикалық және халықаралық деңгейде жоғары бағаланып келеді. Осынау мерекелік күнде университеттің барша ұстаздар қауымына шығармашылық өрлеу, зор денсаулық, отбасыларыңызға бак-береке тілеймін», – деп тілегін білдірген қала әкімі.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

Психика мен интеллектіні шектейді

Әлеуметтік желіні пайдалану адамның эмоциялық интеллектісінің дамуын тежейді. Бұған лүпілдер мен эмодзилер әсерін тигізеді дейді Н.И.Пирогов атындағы Ресейдің ұлттық медициналық зерттеу университетінің Клиникалық психология кафедрасының доценті Арег Мкртычян.

Оның айтуынша, әлеуметтік желіден тілдесу мен қарым-қатынас қалыптасады. Алайда, лүпілдер мен эмодзилердің эмоциялық саланы дамытпайтынын алға тартады. Эмоция да интеллектінің бір түрі болғандықтан оны да дамыту қажет. Әлеуметтік желімен өскен ұрпақтың эмоциялық реакциясы жұтаң болып келеді, ары кетсе лүпілмен шектеледі. Басқа мүмкіндігі жоқ. Екіншіден, интернеттегі ақпараттар тасқыны, дәлірегі, кез келген деректің оңай табылуы да адамның психикасы мен интеллектісіне кері әсерін тигізеді, яғни адамды дамытпайды. Ақпараттың молдығы сонша, оны іздеп немесе қорытып әуре болмайсыз. Нәтижесінде логикалық байланысы мен себеп-салдарына ой жүгірте алмайды. Талғамай «қылғытып жұта» беретін ұрпақ




Конференцияда қазақстандық, шетелдік білім беру саласындағы жетекші мамандар, ғалымдар, отандық және халықаралық ірі компаниялардың көшбасшылары мен басшылары сөз сөйледі. Кешегі білім платформасында ғылым, білім және индустрия саласындағы үрдістерге арналған бірегей диалог алаңы ашылып, бизнесте, энергетика саласында және ақпараттық технологияларды дамытуда жоғары нәтижелерге қол жеткізу мақсатында әртүрлі бағыттағы сарапшылар, зерттеушілер мен практиктер тәжірибесімен бөлісті.

Іс-шараның негізгі міндеттері – энергетика, бизнес-білім беру және ақпараттық технологиялармен байланысты әдістерді жетілдіруге мүдделі ғылым салаларының кең спектрінде жұмыс істейтін зерттеушілер мен практиктер арасында қарым-қатынас орнатуға арналған диалог алаңын құру. Халықаралық конференцияға 3 бағыт бойынша білім және ғылым саласындағы мамандар, Ұлыбритания, АҚШ ғалымдары, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академиктері, индустрия және бизнес өкілдері, жергілікті атқарушы органдар, халықаралық ұйымдар, сондай-ақ салалық қауымдастықтардың өкілдері шақырылған.

Спикерлер ретінде білім және ғылым саласындағы мамандар, Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Үндістан, Малайзия, Түркия, ҚХР, РФ, ҚР ғалымдары, Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясының академиктері, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, серіктес компаниялар, халықаралық ұйымдар, салалық қауымдастықтар сөз сөйлейді.

Конференция жұмысы аралас (офлайн және онлайн) форматта, пленарлық отырыс және энергетика, IT және бизнеске арналған үш секция аясында ұйымдастырылды.



қалыптасып келеді. Сыни ойлауға, көзқарас қалыптастыруға кедергі келтірмек. Міне, осындай факторларға байланысты психикалық функция ретінде алға шығатын адамның ойлау жүйесі өзгереді. Дайын әрі атүсті ақпарат тасқынынан адам күрделі ақпараттарды жүйелеп әрі талдап түсіндіріп бере алмайды. Мәселен, 40 жастан асқан азаматтарға қарағанда бүгінгі жасөспірім қандай да бір фильм көрсе «Бәрін жайпады» немесе «мықты» деп баға беруден аса алмайды. Фильмнің идеясын, кейіпкерлердің характерін, оқиға желісін талдап бере алмайды. Былайша ақпарат айдыны кең болғанымен, оның түбіне сүңгіп үңілуге зауқы жоқ, тек бет жағында малтып жүзуді әдетке айналдырып алған.

Әсел ДАҒЖАН.



ҚАУЛЫ

РЕВАКЦИНА – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Елімізде халықты ревакциналау науқаны басталды. Осыған дейін вакцинаның екі дозасын да салдырғандар жаңа жылға дейін үшіншісін қабылдайды.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Осыған орай, ҚР Бас санитар дәрігерінің міндетін атқарушы Айжан Есмағамбетованың COVID-19 коронавирусы инфекциясына қарсы ревакцинация жүргізу туралы қаулысы жарияланды. Құжатта КВИ-ге қарсы ревакцинацияға жататын халықтың тәуекел топтары көрсетілген.

Олар: 1) медицина қызметкерлері; 2) педагогтар; 3) күш құрылымдарының қызметкерлері; 4) медициналық-әлеуметтік мекемелердің персоналы мен контингенті; 5) 60 жастан асқан адамдар; 6) Бұған дейін

КВИ-ге қарсы вакцина алса да, иммунитеті әлсіреген адамдар (иммуносупрессивті терапиядағы адамдар (лейкемияны, лимфоманы және миеломаны қоса алғанда, қатты ісікті немесе гематологиялық қатерлі ісікті белсенді иммуносупрессивті емдеу немесе осындай емдеу тоқтатылғаннан кейін 12 ай ішінде), гемодиализдегі адамдар, трансплантат реципиенттері, АИТВ жұқтырған ауыр бастапқы иммун тапшылығы); 7) өз бетінше тексерілу нәтижесінде ағзасында КВИ-ге қарсы антидене жоқ екені анықталған адамдар.

БРИФИНГ

Жеделдету қажет

Медицина ғылымының докторы, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ Жұқпалы және тропикалық аурулар кафедрасының профессоры Күләш Құрманова халықты, оның ішінде жасөспірімдерді коронавирусқа қарсы вакциналауды жеделдету қажет деп санайды. Бұл туралы ол Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында мәлімдеді.

– SARS-CoV-2 жаңа жұқпалы штамдарының пайда болуына байланысты мүмкіндігінше көп қала тұрғындары, соның ішінде кәмелетке толмағандар егілуі керек, – дейді профессор. К.Құрманова балаларды, жүкті және емізуді әйелдерді вакциналауға қатысты деректер жеткілікті жинақталған деп санайды. Сондықтан Pfizer препаратының қауіпсіздігіне аландануға немесе күмәндануға негіз жоқ. Сонымен қатар, профессор қала «жасыл» аймаққа көшкеннен кейін де, әсіресе, ЖРВИ-мен сырқаттанушылықтың өсуі кезеңінде қауіпсіздік шараларын сақтауды жалғастыру қажет екенін еске салды. К.Құрманова әлем елдеріндегі пандемияның

ұжымдық вакцинация мен ревакцинация қабылдаған кезде ғана аяқталуы мүмкін екендігін атап өтті.

«Вакциналаудың бірінші курсынан кейін 6 немесе 9 айдан кейін ревакциналаудан өту қажет. Антиденелер деңгейі біртіндеп төмендейді, ал үдеткіш вакцина ұзақ уақыт сақталатын жасушалық иммунитетті қосу арқылы олардың айқын қалыптасуына ықпал етеді», – деп кеңес берді профессор. Ол коронавирустық пандемия әлі де жалғасып жатқанын және инфекцияның жаңа толқындарының пайда болуы мүмкін екенін еске салды.

Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ТЫЙЫМ

Жаңа жыл кештері өткізілмейді

Алматы коронавирус бойынша «жасыл» аймақта тұрса да Жаңа жыл кештері мен отырыстарын өткізуге тыйым салынады. Бұл туралы Алматы қаласының бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин мәлім етті.

– Біз «қызыл», «сары», «жасыл» аймақта болсақ та ұжымдық кештерге тыйым салынады. Бүгінгі күні вирус жұқтыру жағдайы сақталуда. Тіпті, «жасыл» аймақта болсақ та бір тәулікте 120–130 адамнан коронавирус анықталып жатыр.

Егер ұжымдық шараларды өткізетін болсақ, біз бірден «сары» емес «қызыл» аймаққа ораламыз. Біздің мақсатымыз – карантин шараларын сақтауды одан әрі жалғастыру, – деді Жандарбек Бекшин.



Сонымен қатар, ол мектепке дейінгі мекемелерде де ертеңгілік өтпейтінін де айтты.

– Балабақшаларда жаңажылдық ертеңгіліктер өткізуге болмайды. Бұл топтар арасында вирус жұқтыру қаупін тудырады, – деді ол.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

COVID-19

Балаларды вакциналау маңызды

Алматы қаласының №15 емханасының дәрігері Мөлдір Әкімжан Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында биылғы жылы балалар мутацияланған «дельта» нұсқасының пайда болуына байланысты коронавируспен жиі ауыра бастағанын атап өтті.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше, өткен жылы Алматыда 281 оқушы жұқтырған, биыл бұл көрсеткіш 15 039-ға жетті. Көбінесе балалар инфекцияны отбасында жұқтырады екен, нақты көрсеткіші – 22%-ға жағдай.

«Балалар ересектерге, қарттарға вирус жұқтырады, олар үшін вирус өте қауіпті. Кез келген инфекция бір жасқа дейінгі сәбилерге қауіп төндіреді. Сондықтан егер отбасында кішкентай бала болса, айналасындағылардың бәрі COVID-19-ға қарсы егілгені жөн. Коронавирус балаларда ауыр өтетінін түсіну керек. Пандемия басталғаннан

бері әлемде 9 мың бала қайтыс болды», – деді дәрігер.

Педиатр балаларда постковидтік синдром ересектердегідей жүреді деп қосты. Ауру кезінде кейбір балаларда асқынулар болуы мүмкін, мысалы, көп жүйелі қабыну синдромы, ұзаққа созылған жоғары температура болады. Дәрігер вакциналанған адамдардың саны неғұрлым көп болса, вирустың таралуы мен мутация ықтималдығы аз болатындығына сенімді. «Дельта» балаларға бастапқы «Ухань» вирусына қарағанда жиі шабуыл жасайды екен.

Мөлдір Әкімжан созылмалы аурулары бар балаларды вакциналау өте маңызды екенін айтты. Бүгінде Қоғамдық денсаулық басқармасының мәліметінше, Алматыда 2947 жасөспірім вакциналанды.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Екпе алмағандарға локдаун енгізіледі

Францияда коронавирустың бесінші толқыны «қарқын» ала бастады. Министрлер кабинетінің төрағасы Габриэль Аттальдың айтуынша, бір апта ішінде коронавирус инфекциясын жұқтырудың жаңа жағдайлары 80%-ға өскен. Күн сайын орташа есеппен 17 мың COVID-19 жаңа жағдай тіркеледі.

Италияның фармацевтикалық реттеуші мекемесінің басшысы ел халқының вакцинаның үшінші дозасын қабылдауы жөн екенін айтты. Никола Магрина хабарлағандай, билік вакцинаның толық циклін алған мерзім мен үдеткіш дозасын қабылдау уақытын бес айға дейін қысқартуды қарастыруда. Қазіргі уақытта вакцинаның үшінші дозасын денсаулығы нашар адамдар және 60 жастан асқан тұрғындар ала алады.

Кипр президенті антиваксерлерге қатысты қатаң шаралар қабылдайтынын мәлімдеді. Никос Анастасиадис тұрғындардың имундау курсы аяқтау үшін немесе вакцинаның бірінші компонентін қабылдау үшін екі-үш апталық кезең берілетінін атап өтті. «Бұл мүмкіндіктен кейін шаралар күшейтіледі», – деді президент.

Қытайда ұлттық деңгейге шыққан коронавирус эпидемиясының қазіргі толқыны аяқталуға жақын. Бұл туралы демалыс күндері брифинг кезінде ҚХР Денсаулық сақтау жөніндегі мемлекеттік комитеттің ресми өкілі Ми Фэн мәлім етті. «14 күннен аса коронавирустың қазіргі толқыны өршіген 8 провинцияда жаңа жергілікті жұқтыру жағдайлары тіркелген жоқ. Хэйхэ және Далинь қалаларындағы вирустың өршуі тоқтады. Ұлттық деңгейге шыққан қазіргі толқын аяқталуға жақын», – деп мәлімдеді Ми Фэн. Оның айтуынша, Қытай COVID-19-дың алдын алу және бақылау саясатын жүргізуді жалғастырады, сонымен қатар елдің порттарында алдын алу шаралары күшейеді. 19 қарашадағы жағдай бойынша 2020 жылдың желтоқсанынан бастап Қытай дәрігерлері 2,42 миллиард екпе салған. Вакциналаудың толық курсы алған адамдар саны – 1 миллиард 76 миллион. Соңғы деректерге сәйкес, Қытайдың құрлықтағы бөлігінде вирус жұқтырғандардың 94,17%-ы жазылып шыққан. 2019 жылдың желтоқсанынан бастап COVID-19 жұқтырғандар саны 98,4 мың адамға жетті. Мұнда коронавирустан 4636 адам қайтыс болды.

Баварияда вакцина алмаған адамдарға локдаун енгізеді. Сонымен қатар, Рождество мейрамы қарсаңындағы жәрменкелер, клубтар мен ішімдік орындары барлық федералды

жерлер аумағында жұмысын тоқтатады, кафелер мен мейрамханалар сағат 22.00-де жабылады. Мәдени іс-шаралар қатаң жағдайда өткізіледі.

Сингапур билігі вакцина алмаған азаматтарға шектеулерді күшейтіп жатыр. Атап айтқанда, коронавирусқа қарсы вакциналаудан өтпеген адамдар әлеуметтік белсенділігін төмендетіп, мүмкіндігінше үйде болып, қонаққа бармауы керек. Қоғамдық тамақтану орындарында 22 қарашадан бастап бір үстел басында екпе жасаған бес адамнан артық отыра алмайды.

Мексикада 15–17 жас аралығындағы жасөспірімдерге COVID-19-ға қарсы вакцинация 19 қарашадан басталды. Мемлекетте екпе алғысы келетін барлық тілек білдірушілерге алдын ала тіркелу үшін портал жұмыс істеуде. Сонымен қатар, Мексикада созылмалы аурумен ауыратын немесе мүгедектігі бар 12 жастан 17 жасқа дейінгі жасөспірімдерге вакциналау жұмысы жүріп жатыр.

Грецияда вакцина алмаған адамдарға кинотеатрларға, мұражайларға және спорт мекемелеріне баруға тыйым салынады. Греция билігі келесі аптадан бастап COVID-19-ға қарсы вакцина алмаған адамдар үшін қатаң шектеу шараларын енгізеді, деп мәлімдеді Греция Премьер-Министрі Кириакос Мицотакис. Жаңа ережелер 22 қарашадан бастап күшіне енеді.

Словакия мен Чехия коронавирусқа қарсы вакцина алмаған азаматтарға шектеулер енгізеді. Чехия билігі вакциналаудан өтпеген адамдар үшін шектеулерді күшейтеді. Словакия Премьер-Министрі 22 қарашадан бастап үш аптаға «вакцина алмаған адамдарға локдаун» енгізілетінін мәлімдеді. Осы күннен бастап тек коронавирусқа қарсы толық вакцина курсы алған немесе соңғы алты айда коронавируспен ауырып емделіп шыққан адамдар ғана мейрамханаларға, сауда орталықтарына, спорт мекемелеріне, бірінші мұқтаждықтағы емес тауарларды сағатын дүкендерге барып, жаппай іс-шараларға қатыса алады. Жұмысқа бару үшін олар аптасына екі рет тест тапсыруы керек.

Үндістанда 18 қарашада таңертең корона-вирустың 11 919 жаңа жағдайы тіркелді, бұл жыл басынан бері індет жұқтырғандар санын 34 478 517-ге дейін арттырды. Аурушандық көрсеткіші 16,8% құрады, соңғы тәулікте елде 470 адам инфекция салдарынан қайтыс болды, зардап шеккендердің жалпы саны 464 623 адамға жетті.

Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ



– Өрт сөндіруші мамандығына қалай келдіңіз?

– Жас жігіттердің басым бөлігін әскери қызмет қызықтыратыны белгілі. 2001 жылдары Отан алдындағы әскери борышымыды өтеп келгеннен кейін Мәскеудегі әскери училищеге құжаттарымды тапсырдым. Алайда, түсініксіз жағдайда құжаттарым жоғалып кетіп, ол мамандыққа деген құлшынысым да жоғалды десем де болады. Кейін Алматыда өрт сөндіруші қызметіне жас жігіттерді іріктеп жатқанын естіп, бағымды сынауға бекіндім. Өзім ауылда өскендіктен болар, сынақтардан сүрінбей өттім. 2003 жылы Түркісіб ауданына қарасты (ол кезде №4) өрт сөндіру орталығында жұмыс істеп, кіші лейтенант атағын алып, қарауыл бастығы болдым. Үйлендім, әке атандым.

Жұмысым ұнайды. Біздің салаға жастар «Өрт сөндірушілер керек» деген хабарламамен жұмысқа тұруға келіп жатады. Бір-екі ай істейді де, жұмыстың ауырлығын көреді, ай сайынғы жалақыға да көңілі толмай, кейбірі ақыры шығып кетеді. Ал әр адам өзі қалаған іспен айналысса, оған жұмыстың ақшасы да, қиыншылығы да сылтау болмайды. Өз ісінңнен шыбыт алып жұмыс істеу де бір ғанибет қой.

– Күнделікті жұмыстарыңыз қалай басталады?

– Өрт сөндіру мамандарының жұмысы таңертеңгі сағат 8-ден басталады. Түнгі кезекшіліктен шыққан топ бекет қызметін екінші топқа табыс етеді. Біздің өрт сөндіру бөліміміз осы жылдың қыркүйек айында қолданысқа берілді. Салтанатты іс-шараға қала әкімі Бақытжан Сағынтаев қатысты. Жана құрамда аға буынмен қатар, жалынды жастар да баршылық. Қазіргі таңда 61 адам жұмыс істейді. Әр өрт сөндірушімен тілдесіп, оның тұрмыстық жағдайына да көңіл бөліп отырамыз. Бастапқы жұмысымызды қарапайым өрт сөндірушіліктен бастап, жоғарғы басшылыққа дейін көтерілгендіктен, әр жұмысшының жағдайы, көңіл күйі мен үшін маңызды. Себебі, мен де сол соқтықпалы, соқпақты жолмен жүріп, өрт оқиғасынан кейінгі өне бойымызда қалып қоятын жағымсыз жағдайлармен талай бетпе-бет келген адаммын.

Жаңадан келген жігіттердің жұмысқа бейімделуіне бір жылдай уақыт қажет. Қарауыл бастықтары немесе тәжірибелі өрт сөндірушілер оларды жаттықтырып, білгендерін үйретеді. Себебі, өрт кезінде түрлі жағдайлар болады, жай күндері көре бермейтін өртті, қираған үйлерді көру көпшілігінің психологиясына әсер етеді. Одан кейін жетекші офицерлердің дәрістерін тыңдаймыз. Практика мен теорияны ұштастырып, үнемі өрт қауіпсіздігі ережелерін пысықтаймыз. Кешкі уақытта техникалық құрал-саймандарды тексеріп отырамыз.

– Жедел әрекет етудегі ерекшеліктеріңіз қандай?

– Өрт сөндірушінің кәсібі басқа жұмыстарға қарағанда өте жылдам әрекет етуді талап етеді. Өйткені, дабыл түскеннен кейін арнайы киімдерді киіп, өрт сөндіру бөлімі-

БІЗДІҢ
КҮШІМІЗ –
БІРЛІКТЕ

немесе өрт сөндіру қызметінің
қыр-сыры туралы

Жуырда Наурызбай ауданында жаңа үлгідегі өрт сөндіру бөлімшесі ашылған болатын. Жалпы аумағы 3,2 мың шаршы метр болатын алып бөлімшенің оқиға орнына шығатын алты қақпасы, 10–15 ауыр техникасы бар. Осы орайда, аталмыш сала төңірегінде атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысу мақсатында жаңа өрт сөндіру бекетінің басшысы Назар Оразұлы Манкеевпен сұхбаттасқан едік.



нен оқиға орнына шығу үшін 5 минут қана уақыты бар. Егер өрттің ішінде адамдар қалған болса, оны құтқару міндеті тұрады. Оқиға орнына келгеннен кейін өрт сөндірушілер өрт орны мен таралу аймағын анықтайды, өрт сөндіру түтік құбырларын дайындап, 1-2 минут ішінде сумен байланыстырады. Шағын өртті бірнеше минутта сөндіруге болады, ал кей кездері сөндіру жұмысы тәулік бойына жалғасып қана қоймай, өзгелерді құтқару барысында өрт сөндіруші өз өміріне де қауіп төндіреді. Әрине, физикалық дайындалған адам баспалдақты қолдануды, жүгіріп, секіруді, ауыр заттарды көтеруді үйрене алады. Бұдан бөлек, өрт сөндірушілерге газ түтінінен қорғау құралдарын қолдануды, қатты түтіндеу жағдайында іс-қимыл жасауды үйретеді. Дегенмен, ең қиыны – кез келген уақытта өз бойыннан өзгенің өмірі үшін жан киюға дайын тұратын қайсарлық пен ерлікті табу.

– Демек, сіздерге ұжымдасып жедел жұмыс істеу, әбжіл қимылдау маңызды.

– Қызыл жалынның ортасына кіргенде біздің бар назарымыз от ортасында қалған адамды құтқаруға, өртті сөндіруге ауады. Ал алауды ауыздықтау – бүкіл бір команданың жұмысы. Сондықтан біздің күшіміз – бірлікте, бір-бірімізге деген нық сенімде. Ең басты қағидат – осы. Бұған қоса, өрт сөндірушілерге шапшаңдық, жүректілік, қырағылық, әп-сәтте шешім қабылдай алатын тәуекелшілдік тән. Жауынгерлер алғашқы медициналық көмектен де хабардар болуы керек. Ұлы газға тұншыққан, күйік шалған адамдарға жәрдем береміз. Біле білген адам-

ӨРТ КЕЗІНДЕГІ
ӘРЕКЕТТЕР

- Ең алдымен, құтқару қызметтерін оларға толық ақпаратты: мекенжайын, жану орнын, өз деректерін айтып, хабардар ету қажет.
- Әлсіз және әрекетке қабілетсіз азаматтарды, балалар мен қарт адамдарды эвакуациялау. Бұл ретте адамдарды ғимараттан тысқары шығару қажет, ешқандай жағдайда лифтіні пайдалануға болмайды.
- Егер жану алаңы аз болса, қолда бар құралдарды қолдана отырып, өртті өздігінен оқшаулауға тырысыңыз. Сөндіру үшін су ыдысын қолдануға болады.
- Егер сұйықтық (май, еріткіш) күйіп кетсе, сумен сөндіру жағдайды нашарлатуы мүмкін, кез келген тығыз материалдарды (мысалы, киіз) қолданған жөн.
- Егер Сіз өрттің таралуын болдырмасаңыз және сіздің өміріңізге қауіп төнсе, есіктер мен терезелерді алдын ала тығыз жауып, бөлмеден мүмкіндігінше тезірек шыққан дұрыс.
- Кіреберіс есіктен шығу мүмкіндігі жоқ, балконға барыңыз, есікті мықтап жабу керек, егер өрт сатысы болса, оны төмен түсіріңіз. Маталардан бұралған импровизацияланған арқандардың, түрлі шлангтардың көмегімен және т.б. түсу ұсынылмайды, мұндай құралдарды тек төтенше жағдайда ғана пайдалануға болады.

Бұл әрекеттерді өрт шыққан кезде есте сақтаңыз, ешқандай жағдайда өрт ошағы бар бөлмеде терезелерді ашпаңыз, жаңа оттегінің түсуі өрттің қарқындылығын арттыратынын естен шығармаңыз.

ға, ең қауіпті деген мамандықтардың бірі – өрт сөндіруші қызметі. Нағыз ер-азаматтарға ғана тән жұмыс жүректілік пен батылдықты талап етеді. Сондай-ақ, білім мен білек күші де құтқарушылар қатарына қабылдануда маңызды рөл атқарады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ.

#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің
мен үшін
маңызы...»

Бақытбек МАНАПХАНОВ,
кәсіпкер:



– Еліміз егемендік алған жылдары халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс-тіршілігін жақсарту үшін Қазақстанның экономикасын көтеру, оның өркендеп дамуы басты мәселе болған.

Аталған мәселені шешудің бірден-бір жолы – Қазақстанға инвестиция тарту болды. Бастапқыда инвесторларды Қазақстанға тарту оңайға соқпады. Кім қалтасындағы қаржысын әкеліп бере салады дейсіз?! Кез келген инвестор өзіне ыңғайлы, барлық жағдай жасалған, тиімді ұсыныстары бар жерге тартылады. Барлық жағдай жан-жақты қарастырылып, зерделей келе, кәсіпкерлерге инвестициялық климатты жақсарту үшін бірқатар ауқымды жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде Қазақстан Орта Азияда инвестиция тарту бойынша көштің басын бастады. Бүгінгі таңда елімізде инвестициялық климатты жақсартумен қатар инвестицияларды тарту жұмыстарын үдете түсті. Бұл дегеніміз, еліміздің Тәуелсіздік алған отыз жылы ішінде экономикасына, оның дамуына үлкен серпіліс әкелетіні анық. Бүгінде егемендік алған отыз жылдың ішінде қаншама нысан, зауыттар ашылып, ел игілігіне жарап отыр. Бұған сәйкес мемлекет тарапынан да кәсіпкерлерге арналған бағдарламалар жүзеге асырылуда. Өндірілген өнімдер ел ішіне және шет елдерге импортталуда! «Елу жылда ел жаңа» дегендей, алдағы отыз жылдықта өркениетті елдің қариясы болуды жазсын.

Еркебұлан ЕСМҰРАТ,
эл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің
магистранты:



– Тәуелсіздік қазақ халқына қанатын кең самғауға мүмкіндік берді. Тәуелсіздік пен бостандық абсолютті құндылық болып табылады. Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған заман ағымы, кезең тынысы болады. Мен үшін де қазіргі кезең дамуға серпін берді. Мен білімді тегін алып, қалаған оқу орныма да түстім. Ең бастысы, мақсатың айқын болғаны және бұл бүгінгі ұрпаққа бұйырған бақыт деп ойлаймын. Қазіргі таңда оқуымды аяқтап, жақсы және өзіме ұнайтын қызмет атқарамын. Өзімнің жеке ісімді де дөңгелетіп келемін. Шүкір. Білімді, сауатты азаматтар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Бұл жерде біз ерекше рөл атқарамыз. Біздің міндетіміз – Тәуелсіздігімізді сақтап, барлық негізгі құндылықтарымызды балаларымызға қалдыру.



● КОНФЕРЕНЦИЯ

ҰЛЫ ДАЛА АҚЫНЫ

Жамбыл жырлары ұлттық деңгейдегі ұлы істерге үндейтін ұранға айналған. Бұл туралы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған «Ұлы дала ақыны» атты халықаралық конференцияда ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев айтты.

Ақын ескерткішіне гүл қойып, рухына тағзым ету рәсімінен басталған «Ұлы дала ақыны» атты халықаралық конференцияға ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев, Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, елімізден және Қырғыз Республикасынан белгілі жазушы, ғалымдар, жамбылтанушылар, депутаттар мен ақын ұрпақтары қатысты.

ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев шара барысында Жамбылдың өнегелі өмірі мен өнері – туған халқын шексіз сүюдің, оған қалтқысыз қызмет етудің озық үлгісін айшықтайтынын айтты:

– «Жамбыл менің жәй атым, Халық – менің шын атым» деп жырлаған Жыр алыбының есімі қазақпен бірге мәңгі жасай береді. Ұлы ақын әрдайым жұртының жанынан табылып, қамын жеді. Ел басына күн туған сәтте жалынды сөзімен көпшіліктің рухын көтеріп, жігерін жаныды. Қос ғасырда ғұмыр кешіп, талай аумалы-төкпелі заманның куәсі болған абыз бабамыз ешқашан адамдықтың асқақ биігінен төмендемеген. Қоқан бектерінің де, Патшалық Ресейдің де, Кеңес үкіметінің де екпінінен ықпай, әрдайым қалың қазақтың сөзін сөйлеуі Жамбылдың тек ақын емес, азамат ретіндегі тау тұлғасын аңғартады. Дала данагөйінің дара жолы елдік мүддеге қызмет етіп жүрген әрбір адамға үлгі-өнеге, – деді Д.Абаев.

Сонымен қатар, ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен ұлы ақынның мерейтойын жоғары

дәрежеде ұйымдастыру үшін арнаулы мемлекеттік комиссия құрылғанын айтты.

– Бұл айтулы датаның былтырғы Абай жылымен сабақтасып, биылғы Тәуелсіздік мерейтойымен тұспа-тұс келуінің символдық мәні зор. Себебі, қазақтың қос ұлы ақынының да асқақ арманы – жұртының дербестігі мен өсіп-өркендеуі еді. Олар осы ізгі тілекті өлеңіне өзек, шығармашылығына арқау етті. Біз бүгін абыздарымызға арман болған азаттықтың айшықты белесіне шығып, бабалар мирасын дәріптеп отырмыз. Байыптап қарағанға бұл – тарихи сәт, – деп атап өтті ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары.

Конференция барысында Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев тұлғаның 175 жылдық мерейтойына орай атқарылып жатқан ауқымды шараларға жан-жақты тоқталды.

– Жамбыл облысында ақын есімі берілген 1 аудан, 3 ауылдық округ, 3 елді мекен, 1 даңғыл мен 83 көше, 10 мектеп және 1 кітапхана бар. Сондай-ақ, өңірде тұлғаның құрметіне барлығы 8 ескерткіш орнатылған. Жыл бойы жыраудың 175 жылдығына орай 784 іс-шара өткен. Мұның бәрі ақын есімін кейінгі ұрпаққа лайықты түрде танытып, оның рухани өміршен мұрасын кеңінен насихаттау жолында атқарылып жатқан жұмыстардың бір парасы ғана, – деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова да ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен қатар келген Ұлы жыраудың мерейтойына орай ұйымдастырылған тағылымды шараларға тоқталды.

Филология ғылымының докторы, академик, жамбылтанушы Уәлихан Қалижан, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет ғасыр жасаған абыз ақынның шығармашылық қуаты, шет елдің әдебиет меймандарының жоғары бағасы туралы тілге тиек етті.

– Біз – батыры да, ақыныда бар елміз. Әлемдегі ең биік таудың бірі – Алатау болса, әлемдегі ең ұлы ақындардың бірі – Жамбыл Жабаев. Ғаламшардың аспанын Алатау қалай биіктетсе, адамзаттың аспанын Жамбыл ақын солай биіктеткен. Сондықтан Алатау десек Жамбыл бабамыз еске түседі, Жамбыл десек Алатау көзге елестейді. Біз Жамбылдың заңғар мұзтауын әлі терең зерттеп болған жоқпыз деп есептеймін. Жамбыл жырлары кезінде әлемнің 160 тіліне аударылып, жарық көрген, – дей келе Ұлықбек Есдәулет шетелдік жазушылар Жамбылды ХХ ғасырдың Гомері деп бағалағанын айтты.

Сондай-ақ, қоғам қайраткерлері, Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп пен Мәжіліс депутаты Бекболат Тілеухан, жазушы Жұмабай Шаштайұлы, жазушы-драматург Есен Әлімжан, Мәжіліс депутаты Мейрамбек Төлепбергел, ақын Дәулеткерей Кәпұлы, Ж.Жабаевтың шөбересі Мұратхан Жамбылов өз кезегінде тұлғаның қазақ әдебиетіне қосқан орасан үлесі, айтыскерлігі мен кемеңгерлігі туралы тебірене сөз қозғады.

Қырғызстаннан келген Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының жетекші ғылыми қызметкері Келдібек Қойлыбаев пен ақын, «Манасшылар» театрының директоры Азиз Бимырза екі елдің әдеби-мәдени байланысындағы Жамбыл Жабаевтың рөлін айрықша атап өтті. Басқосу барысында қатысушылар Жыр алыбы туралы тың мәліметтермен бөлісіп, шығармашылығын тереңірек зерттеу, келешек ұрпаққа лайықты насихаттау бойынша бірқатар ой-ұсыныстарын ортаға салды.

Конференция соңында «Жамбыл жырау» атты кітаптың тұсауы кесілді. Оған Қырғыз Республикасының Ұлттық Ғылыми Академиясы мен Кітапханасының архивтерінен табылған, бұған дейін баспа бетін көрмеген, ғылыми айналымға түспеген Жамбылдың қырғыз ақындарымен айтыстары, арнау өлеңдері, көрші ел ғалымдарының тұлға жайындағы зерттеулері топтастырылған.

● ЖАМБЫЛ ЖЫРЛАРЫНАН



Асқан бұлбұл

(Пушкинге)

Орыстың өлеңінің ақын көркі,
Алмастай мың құбылған меруертті.
Дүниеге асыл сөзден төктің маржан,
Жарқырап тар заманда-ақ

шықтың еркін,
Патшаның қорқау бастық жендеттерін,
Сен көрдің, таныдың сен таулы жерін,
Қарысқан қан майданда қылыш тимей,
Қолынан қанды жендет жанды бердің.
Не керек өмір саған, өзің тірі,
Алтындай жарқырайды жайнап гүлі,
Жүз жыл болды, қара жер сені алғалы.
Сен дүние ақынысың осы күні.
Қуанып көзі жайнап, мейірі қанып,
Баиқұрт, түркпен, белорус, қазақ танып,
Оқиды жазғаныңды, шаттанады,
Сөзіңнің бір де бірі өлмеуі анық.
Сен Пушкин, қалың жұрттың туысқаны,
Сен біздің бұл ғасырдың өлең, әні.
Өлеңің жаңа атқан таң, жайнаған гүл,
Жұпары, інжу-маржан, өмір сәні.
Бұл күнде біздің өмір жайнаған гүл,
Құлпырып барған сайын төгеді тұр.
Ән шырқап, бізбен бірге қуан, шаттан,
Мәңгі өлмес, асыл сөзді асқан бұлбұл.

Жайлау

Ерназардың колхозы
Ұйқысын таңнан ашқанда,
Масайрап күн әлемге
Нұр сәулесін шашқанда,
Колхозшылар топтанып,
Жиналысып келісті.
Жасыл, жым-жырт далада
Келіп сәлем берісті.
– Баста, Жәке, жайлауға
Көкшіл су, шөбі гүлденген,
Жібектей жылы жел ескен.
Мал басып пенде жүрмеген,
Деді маған жегіттер.
Дедім: «жақсы соңыма ер!»
Атыма мініп гүл жайнап,
Кеттік жүріп малды айдап,
Жайлауды көріп жылқылар
Шұрқырасып, салды ойнақ.
Қуанышты колхозым,
Жайлауға қонып ен жайлап,
Жақұттай алтын таң атып,
Жұлдыздың көз қысқанын
Көрдім көкте қалықтап
Ақ иықтың ұшқанын.
Көз алдыма Алатау
Меруерттей шалмасы,
Таудан құлай аққан су,
Бауырында өскен алмасы.
Қиялай өскен қарағай
Таныс өлке арнасы.
Көзімді жұмып отырып
Жайлауды мен табамын.
Шұрайлы жерге колхоздың,
Топты малын бағамын.

**Бетті дайындаған
Айжан БҮРКІТБАЕВА.**

● ФЕСТИВАЛЬ

ЖЫРЫМЕН ЖІГЕР СЫЙЛАҒАН

Жамбыл ескерткішіне гүл шоқтарын қойды



Алматыда жалын жырдың жампозы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай жыраудың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті.

Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен жүзеге асқан жоба аясында Алматыда еліміздің әртүрлі аймақтарынан жиырмаға тарта жас музыкант бас қосты. Олардың ішінде жеке орындаушылармен қатар, өнер топтары да бар. Өнерге енді қадам басқан жас музыканттар «Жыр алыбы – Жамбыл» республикалық фестивалінде өнер көрсетіп, көпшіліктің алғысына бөленді. Ақын туған мекенге мерейлене жол тартқан жас таланттар алдымен Достық даңғылының бойындағы Жамбыл Жабаев ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, рухына тағзым етті.

– Жаңа жоба отандық хип-хоп индустрияның ең үздік талантты өкілдерін бір

шығармашылық алаңда тоғыстырып отыр. Қатысушылар Instagram, YouTube, Facebook әлеуметтік желілері арқылы іріктелді. Іріктеу кезінде өнерпаздардың әртістік шеберлігіне, сөз саптауына, мәтін идеясының ерекшелігіне, вокалдық қабілеттеріне баса мән берілді. Қатысушылар арасында Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктерінің өкілдері: орыс, беларусь, өзбек, ұйғыр және басқа этностар бар. Жобаның мақсаты – Жамбыл мұрасын насихаттай отырып, жас таланттарды қолдау әрі ел аймақтары арасында кәсіби-шығармашылық байланысты нығайту. Басқа өңірлерден келген жастар үшін Алатау баурайы Жам-

был ақын туған мекен ретінде ыстық. Сондықтан фестиваль қатысушыларын ақын ескерткішіне әкелдік, – дейді жоба ұйымдастырушыларының бірі Сәуле Исабекова.

Оның айтуынша, кезінде Жамбыл жырлаған өзекті тақырыптарды бүгінде қазақстандық жас рэперлер көтеріп, жаңа форматта ұсынуда. Сондықтан ақынның туындылары әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпады. Жоба аясында жастар арасында танымал Kyle Ruh, Ziruza, Ray, Neiltron, Madi Rymbaev, Soulbirkez, Esko сынды жастар өнер көрсетіп, өнердегі өз жетістіктерімен бөлісті.

Алматыда өткен іс-шара ақын шығармашылығына жастардың қызығушылығын оятып, жыр алыбының баға жетпес ұлттық мұрасы арқылы жастардың рухани деңгейін дамытуға ықпалдасты. Өнер өкілдерінің қатысуымен ұлы ақынның туындыларын музыкалық-поэтикалық және театрландырылған іс-шаралар форматында ұсынған жобалар көпшіліктің ықыласына бөленді.



БІЛІМ БЕРУДЕГІ БАСТЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Оқушы саны 25-тен аспауы керек

Сыныптағы оқушы санының белгілі мөлшерден асып кетуі білім сапасына да әсер ететіні белгілі. Бұл туралы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 6-отырысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев нақтылап айтты.

«Тағы бір мәселе бар. Әр сыныптағы бала саны шектен тыс көп. Негізі 1-сыныптағы балалардың саны 25-тен аспауы керек. Осы стандарттың сақталуын қамтамасыз

етуге тиіспіз. Сонымен қатар, мектептердің үлгілік жобасын әзірлеуді тапсырамын. Мектептің жалпы көлемі мен дизайны орын санына байланысты анықталуға тиіс. Мектеп 2,5 мың балаға арналса, соған орай инфрақұрылым да болуы керек», – деді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар, ел Президенті мектепте спорт залы, асхана, зертхана және оқу кабинеттерінің болуын да қадап айтты.

Қашықтан оқытуға шектеу қойылған

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Үкімет отырысында қашықтан оқыту бойынша шектеу қойылған салаларды атады.

Мәселен, «Тағы бір маңызды мәселе – оқуға түсу процедурасының ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету. Осы мақсатпен біз биыл ҰБТ-ның жаңа жүйесін енгіздік. 2021 жылы елімізде алғаш рет ҰБТ «1 компьютер – 1 камера – 1 тестіленуші» принципі бойынша электронды форматта өткізілді. Оған қоса, тестте фактологиялық білімді тексеруден ойлау қабілетін, сауатын анықтау үшін тест тапсырмалары жаңартылды», –

деп магистратура мен докторантураға емтихан тапсыру үшін тестілеудің компьютерлік форматы енгізілгенін атады. Сондай-ақ, пандемиядан кейінгі кезеңде де қашықтан оқыту тренді сақталатынына тоқталды. «Сондықтан жоғары оқу орындарында цифрлық экзотикалық қалыптастыру, LMS платформалар, виртуалды зертханалар, прокторинг жүйелері кеңінен енгізіліп жатыр. Сапаны қамтамасыз ету үшін білім, медицина, авиация, құрылыс, өнер, әскери іс сияқты бағыттар үшін қашықтан берілетін сабақтардың үлесі 20%-дан аспауы керек. Осындай шектеу қойылды», – деді министр.

«100 жаңа оқулық» жобасы жалғаса ма?

Үкімет отырысында Жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті Рахман Алшанов: «Биыл «100 жаңа оқулық» жобасы аяқталды. Бұл жоба жастарды әлемдегі таңдаулы ғылым, мәдениет үлгілерімен таныстыруға мүмкіндік берді. Осыған орай, қазақ

тілінде академиялық әдебиет шығару бастамасын жалғастыруды ұсынамыз. Барлық тараптардың пікірін толығымен ескеретін білім беру саясатын іске асыру арқылы Қазақстанда жоғары білімнің бәсекеге қабілетін өсіруге болатынына сенімдіміз», – деді.

Плагиятқа әуестенбеңіз!

Білім жүйесіндегі тағы бір жаңалық – Қазақстандағы университеттердің бәрінде плагиятты тексеретін жүйелері орнатылды.

Білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру үшін университеттерге академиялық және атқарушы дербестік беріліп отыр. Осыған орай, олар енді білім беру бағдарламаларын дайындағанда министрлік бекіткен үлгілік оқу жоспарларының орнына жұмыс берушілердің кәсіптік стандарттарын негізге алатын болды. Тиісінше жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлеуге көшіп, 9371 бағдарлама әзірледі. Білім министрі Асхат Аймағамбетов «Өмір

бойы бір диплом» сценарийі енді маңызды емес. Сондықтан Президенттің тапсырмасы бойынша Өмір бойы оқу тұжырымдамасы әзірленді. Бұл жұмыстың арқасында университеттер формалды емес және информалды білім алудың нәтижелерін танып, қабылдайтын болады. Енді академиялық адалдық қағидаттарын бұзған студенттерді оқудан шығаруға мүмкіндік бар. Барлық дипломдық жұмыстарды, жазбаша жұмыстарды жөңсіз көшіріп алуды болғызбау үшін міндетті түрде тексеру нормасы енгізілді және университеттердің бәрінде осы тексеру жүйелері орнатылды», – деді.

Стипендия тағы екі есе өседі

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша студенттердің стипендиясы да екі есеге жуық өсіп, 2025 жылға қарай тағы да екі есе, ал магистранттар мен докторанттардың шәкіртақысы 1,5 есе артатын болды. Қазіргі таңда Қазақстан университеттерінің бәрі жан басына шағып қаржыландыру жүйесіне көшті. Университеттерді қанша талапкер таңдаса, сол мөлшерде ғана мемлекет тарапынан грант, яғни қаражат алады. Сонымен қатар, біздің мемлекеттік жоғары оқу орындары жөндеу жұмыстарын жүргізуге,

жалақыға, материалдық базасын жаңартуға бюджеттен тікелей қаржы алмайды. Олар жекеменшік университеттер сияқты тек студенттердің таңдауына сәйкес жан басына шағып қаржыландырылатын болды. Еліміздегі ең ірі 28 мемлекеттік оқу орны коммерциялық емес акционерлік қоғам ретінде қайта құрылып, корпоративті басқару жүйесіне көшті. Басты шешімдерді директорлар кеңесі қабылдайтын болса, оқу ордасының ректоры сол қабылданған шешімдерді іске асырады.

Қазақстанның 50 үздік ғалымы

Енді Қазақстанның 50 үздік ғалымы 6 миллион теңгеден алатын болды. Ақшалай сыйақылар «Үздік ғылыми қызметкер» республикалық байқауының қорытындысы бойынша берілетін болады. Бұл ғалымдарды қолдауға бағытталған алғашқы байқау әрі ауқымды сыйақы. Өтінімдер 15 қарашадан бастап қабылдана бастайды.

Конкурстың мақсаты – отандық ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар мен ғылыми қызметкерлердің еңбегін көтермелеу болып табылады. «Қазіргі таңда отандық ғылым саласында дамудың жаңа сапалы кезеңі байқалады. Ғалымдарымыздың әзірлемелері әлемдік нарыққа шығуда. Жықында ғана біз 14 қазақстандық ғылыми әзірлеменің Қытай, Ресей, Түркия, Грузия, Чехия және Қырғызстанға экспортқа шығарылатыны туралы мәлімдеген едік. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша министрлік ғалымдар мен ғылыми ұйымдардың, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызмет-

керлерін жан-жақты қолдау мәселелеріне назар аударады. Қазақстандық ғалымдарды ынталандыру және ғылыми қызметтің беделін арттыру бойынша шаралар әзірленіп, іске асырылып жатыр. Биыл министрлік алғаш рет еліміздің үздік ғалымдарына 50 сыйақы беретін болады. Олардың әрқайсысы шамамен 6 миллион теңгеден алатын болады. Ғылыми жетістіктерді бағалау бойынша барлық критерий ғылыми және сарапшылар қауымдастығымен бірлесіп, әзірленді. Байқау комиссиясының құрамына еліміздің түрлі бағытта қызмет ететін жетекші ғалымдары мен ғылыми қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кірді», – деді ҚР БҒМ Ғылым комитетінің төрайымы Жанна Құрманғалиева. Үміткерлердің ғылыми жетістіктері ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, ғылыми жарияланымдары мен монографияларының болуы, ғылыми жобалар мен бағдарламаларға басшылық жасау сияқты критерийлер бойынша бағаланатын болады.

ТАҒЫМ

ҰРПАҚТАРЫ ШӘКІРТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАДЫ

Бүкіл саналы ғұмырын білім саласының дамуына арнаған Төлеген Полатбаевтың өмірінің өзі көпке өнеге. Қарапайым отбасында дүниеге келген сәби уызына жарымай жатып жетім атанады. Сол күннен бастап қиыншылықтың қара бұлтты үйіріліп, тұрмыстың тауқыметі шүйкедей қара кемпірдің иығына түссе керек. Қара ағаштай қиындыққа қарсы тұрған Қалықұл әже немересін арқалап жүріп, жетіге жеткізді. Күні-түні тәңіріне қол жайып, «жалғыздан қалған жалғызды ел қатарына қоссам» деп тілейтін. Сол тілегінің қабыл болғаны да, Төлегені Көксарайдағы жеті-жылдық мектепті бітірген соң жұмысқа ілікті. Қара жұмыс істеп, қарайып қалмайын деп, Түркістандағы педагогикалық училищенің сырттай бөліміне оқуға түсті. «Жетім жылай жүріп жетіледі» демекші, 1940 жылы Төлеген сол оқуын «бастауыш сынып мұғалімі» мамандығы бойынша бітіріп, еңбекке араласты. Бірақ тұтқиылдан соғыс оты бүрк етіп, ел үшін майданға сұранып кете барады.

Майдан даласындағы көрсеткен ерлігі мен өрлігі жайында жазылған командирдің үшбұрышты хаттары алыстағы әжесіне жетіп жататын. 1945 жылы «За Победу над Германией в Великой Отечественной Войне 1941–1945 г.г.» медалімен марапатталып, туған жеріне аман-есен оралады. Соғыстан кейінгі қиын уақытта да өз мамандығы бойынша мұғалім деген абыройлы міндетін жалғастырады. Дегенмен, осы тұста Төлегеннің өмірін мүлдем басқа арнаға бұрған оқиға орын алды. 1949 жылы жала жабы-

лып, қуғын-сүргін құрбаны болып шыға келеді. Бұған соғыс кезінде сүйіктісіне өлеңмен жазған хаты себеп болса керек. Ақыры, аққа құдай жақ деп, 1954 жылдың күзінде ақталған еді. Тек «Ақталу туралы» анықтамасы 1990 жылы КСРО Президенті Жарлығының «О восстановлении прав всех жертв политических репрессии 20–50 годов» деген бабына сәйкес келіп, толығымен ақталды. Осылайша тағдырдың ыстығы мен суығын басынан кешіп, өмірінің соңына дейін абыроймен адал еңбек еткен Төлеген Полатбаев талай ұрпақты тәрбиеледі. «Еңбек ардагері» атанды. Ұлы Отан соғысының зардабы мен қуғын-сүргіннің салдары денсаулығына әсерін тигізіп, ақыры мендеген дерттен көз жұмды.

«Орнында бар оналар» деген, жақында соңындағы ұрпақтары ұлағатты ұстаздың есімін қайта жаңғыртты. Үздік оқыған мектеп оқушылары үшін «Төлеген Полатбаев атындағы шәкіртақы» тағайындады. Қазірдің өзінде 50 мың алатын шәкіртақы иегерлерінің қатары көбейіп келеді. Осынау істің ұйытқысы болған Р.Төлегенова әке жолын қуып, ұзақ жылдар бойы білім саласында абыройлы еңбек етті. Еліміздің білім саласының дамуы мен өркендеуіне зор үлес қосып, реформалар мен жаңашылдыққа қатысты талай мәрте ой-пікірлерін білдірді. Еліміздегі Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағының қалыптасуына да көп еңбегі сіңді. Байырғы ұстаз бүгінде зейнеттік демалыста. Соған қарамастан жас ұрпақтың саналы тәрбиесі мен сапалы біліміне аса жауапкершілікпен қарайды.

ЖОБА

МАМАН ТАПШЫЛЫҒЫ СЕЗІЛМЕУІ ТИІС



Еліміз бойынша қолға алынып, жүзеге асып жатқан «Жас маман» жобасы аясында қазір жұмыстар жүйелі түрде іске асып жатыр. Қазір бұл бағыттағы «ЖОО+мектеп+сапалы маман» жобасы аясындағы жұмыстар Алматы қаласында да қызу қолға алынууда. Осы мақсатта Алматы қаласы әкімшілігі шаһардағы мұғалім мамандарының сапасын арттырып, пән мұғалімдерінің тапшылығын жою үшін қазақ білімінің қарашаңырағы, педагог мамандарды даярлайтын бірден-бір оқу орны Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен ынтымақтастық меморандумына қол қойған еді. Қазір осы ынтымақтастық негізінде үлкен жұмыстар жүргізіліп, биылғы жылы өндірістік тәжірибеден өткен бірнеше жас маман Медеу ауданындағы №19 жалпы білім беретін мектепке қабылданып, ұстаздық қызметке кірісіп жатыр. Мектеп ұжымы осынау ынтымақтастық меморандумы аясында кездесу ұйымдастырып, оған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Дархан Біләзов, оқу ордасының аға оқытушылары, Медеу ауданы Білім бөлімінің басшысы Ағайша Сапаро-

ва, мектеп директоры Айымгүл Иманғалиева және биылғы тәжірибеден өтіп жатқан студенттер мен тәлімгер-ұстаздар қатысты.

Оқу ордасының басшысы Дархан Нұрланұлы 5B010900-математика мамандығының 4-курс студенті Әсем Сағымбектің 6 «в» сыныбындағы математика сабағына қатысып, кері байланыс орнатты. Болашақ жас маман таңдаған мамандығына сай білім алып, оны іс жүзінде қалай жүзеге асырып жатқанын дәлелдеп берді. Жаңаша білім беру дағдыларын жетік меңгерген жас маманның сабағы қызықты, дәрісі түсінікті өтті. Оған қатысып отырған оқушылар да ерекше қызығушылық танытып, белсенділік танытып отырды. Оқу ордасының басшысы қазақстандық бәсекеге қабілетті білім мен қызмет сапасын арттыру және дамытуда аянбай еңбек етіп жатқан ұстаздар және мектеп оқушылары, педагогикалық тәжірибеден өтіп жатқан студенттерімен пікір алмасып, білім жүйесіндегі соңғы жаңашылдықтар туралы ойын ортаға салды.

«ЖОО+мектеп+сапалы маман» жобасының жұмысы әрі қарай жалғаса береді.

Бетті дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.



ФУТБОЛ

«ҚАЙРАТ» ФИНАЛДА ОЙНАЙДЫ

Футболдан Қазақстан кубогының финалында «Қайрат» пен «Шахтер» кездесетін болды. Қос ұжым айтулы жүлдені 30 қарашада Нұр-Сұлтандағы «Астана Арена» стадионында сарапқа салады.

Жартылай финалдың қарымта ойынында «Қайрат» та, «Шахтер» де қарсыластарына еш мүмкіндік берген жоқ. «Қайрат» бір апта бұрын сырт алаңда «Астананы» 3:0 есебімен ойсырата жеңіп келген еді. Қарымта кездесуге елордалықтар осалдау құраммен жетті. Негізгі құрамдағы Абзал Бейсебеков, Жарко Томашевич, Лука Шимунович,

Валерий Чуперка, Макс Ебонх, Александр Заруцкий, Тигран Барсегян, Антонио Рукавина сияқты футболшылар қатыса алмайтыны ертерек белгілі болған-ды. «Астана» бірінші таймға шыдап бергенмен, ойынның екінші бөлігінде бәрібір ортаға ақ ту тастауға мәжбүр болды. Тіпті, «Қайраттың» орталық қорғаушысы Раде Дугаличтің алаңнан қуылуы да қонақтарды серпілте алмады. Қорғаушы Мейрамбек Қалмырза 64-минутта өз қақпасына доп соғып алса, араға бес минут салып дөрекілігі үшін матчтан шеттетілді. Ойын нүктесін алаңға екінші таймда шыққан Хосе Кане мен Вагнер Лав қойды.



«Шахтер» бір апта бұрынғы 5:2 есебінің кездейсоқ емес екенін тағы дәлелдеді. «Кеншілер» сырт алаңда ел чемпионы «Тобылды» тағы тізерлетті. Павел Назаренко мен Мартин Тошевичтің дәл соққыларына алаң иелері қарымта қайтара алған жоқ.

«Қайрат» Қазақстан кубогының финалына – он үшінші рет, «Шахтер» бесінші рет шығып отыр. Алматылықтар жүлдеге қол жеткізсе, Қазақстан кубогын оныншы рет қанжығалайды.

ДЗЮДО

Қос мықты спорттан қол үзді

Қазақстан ұлттық құрамасының мүшелері Елдос Жұмақанов пен Отгонцеев Галбадрах өткен аптада спорттағы ғұмырларына нүкте қоятынын мәлімдеді.

Е.Жұмақанов ұлттық құрама сапында 2013 жылдан бері өнер көрсетті. Ол Азия чемпионаттарында төрт рет жүлдегерлер қатарына енді, «Үлкен дулыға» турнирлеріне 16 рет қатысып, бір рет жеңімпаз атанды. Әлем чемпионаттарына төрт рет қатысып, 2015 және 2021 жылдары үздік бестікке енді.

О.Галбадрах Қазақстан азаматтығын 2015 жылдың қаңтар айында қабылдады. Ол өзі туып-өскен Моңғолияда ұзақ жыл Уранцеев Мунхбатынның тасасында жүрген-ді. Қазақстанға қоныс аударған соң Отгонцеев бар мүмкіндігін толықтай көрсете алды. Басқа мемлекет атынан сынға түсуіне байланысты Халықаралық дзюдо федерациясы 2015 жылдың басында Галбадрахтың рейтингтегі барлық ұпайын шегеріп тастаған еді. Бірақ қайсар қыз мойыған жоқ. Әлемдік Гран-При турнирлерінің екеуінен (Ташкенттен және Циндаудан) – қола жүлде, Чеджудегі (Оңтүстік Корея) сыннан алтын жүлде тағынды. 2016 жылдың ақпанында Парижде өткен «Үлкен дулыға» турнирінің финалында Отгонцеев ежелгі қарсыласы Уранцеевті жеңіп, тамаша есе қайырды. Бәрін нөлден бастаған спортшы әлемдік рейтингте 16-орынға көтеріліп, Рио олимпиадасына жолдама алды. Риодан да Отгонцеев бос



қайтқан жоқ. Жарыстың алғашқы күні қола медаль олжалап, Қазақстан құрамасының қоржынына алғашқы жүлдені салды.

Ең қызығы, 2016 жылдың қорытындысы бойынша Галбадрах жүлделер саны бойынша әлемнің ең үздік дзюдошысы атанды. Ол өзі қатысқан 10 турнирдің бәрінде жеңімпаздар тұғырына көтеріліп, 5 алтын, 2 күміс, 3 қола жүлде жеңіп алды. Бұдан кейін Галбадрах Азия ойындарында, Универсиадада, әлем чемпионаттарында (екі рет) жүлде иеленді. Токио олимпиадасында Отгонцеев бірінші белдесуде қытайлық Ли Яняньнан жеңіліп, жүлдеден тыс қалды.

Ел даңқын талай сында асқақтатқан спортшыларға табыс тілейміз. Олардың жетістігі спорт жылнамаларында, ел тарихында қалды.

КӘСІПҚОЙ БОКС

«Әлем чемпиондары, Жәнібектен абайлаңыздар!»

Жексенбінің таңында кәсіпқой боксшы Жәнібек Әлімханұлы тамаша жеңіске жетті. Ол Теренс Кроуфорд – Шон Портер кездесуінің андеркартында француз Хассан Н'Дам Н'Жикамнан сегізінші раундта техникалық нокаутпен басым түсті.

Бұл жекпе-жекте отандасымыз бірден үстемдік танытып, үшінші раундта – бір рет, сегізінші раундта бір рет қарсыласын нокаутқа түсірді. Төреші бұдан әрі жекпе-жекті созудың еш мәні жоғын ұғып, тоқтатуға белгі берді. Біраз тынығып алған соң Н'Жикам Жәнібектің бөлмесіне арнайы келіп, құттықтап кетті. «Тамаша жігіт, тамаша боксшы. Әлем чемпиондары, Жәнібектен абайлаңыздар!» деп ескертті ол.

Бұл – Әлімханұлының он бірінші жеңісі, жетінші нокауты. Ол осы кездесуде өзінің WBO Global чемпиондық белбеуін сәтті қорғады. Жәнібек әлеуметтік желіде барша тілеулеріне алғыс жаудырды. «Екінші экс-әлем чемпионын жеңдім. Енді нағыз әлем чемпиондарымен жұдырықтасуға дайынмын» деді ол.

Күні кеше бокс инсайдері Ленс Пагмайр қызықты ақпарат таратты. Оның айтуынша, менеджер Эгис Климас WBO нұсқасына ұсыныс беріп, Ж.Әлімханұлын орта салмақта осы дивизионның чемпионы Деметриус Андрадеге (31-0, 19 КО) міндетті қарсылас ретінде тіркеуді өтінді. Бүкіләлемдік бокс кеңесі бұл мәселені бүгін қарастырады.

Мәселе мынада болып тұр. WBO рейтингінде бірінші орында тұрған мексикалық Хайме Мунгия Андрадемен міндетті жекпе-жек өткізуге ұсыныс жасамайды. Демек, рейтингте екінші орында тұрған Жәнібектің жолы ашылуға тиіс. Неде болса, Андраденің қарсыласы келесі айда нақты белгілі болады.

Д.Андраде бұған дейін орта салмақта IBF және IBO нұсқаларының чемпионы Геннадий Головкинді жекпе-жекке шақырған болатын. Бірақ қазір ол барлық ойынан бас тартып, әліптің артын бағатын сияқты. Жақында Андраде ирландиялық Жейсон Куиглиді екінші раундта жеңіп, өз атағын қорғап қалды.

АУЫР АТЛЕТИКА

Жаңа бапкердің таңдауы

Ауыр атлетикадан әлем чемпионатына қатысатын қазақстандық спортшылар тізімі белгілі болды, деп хабарлайды Olympic.kz.

Ауыр атлетикадан Қазақстан құрамасы Алматы облысында «Ақбұлақ» олимпиялық орталығында әлем чемпионаты алдындағы соңғы дайындық жұмыстарын пысықтап жатыр. Әлем біріншілігі 7–17 желтоқсан аралығында Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында өтеді. Бас бапкер Дәурен Бекмұхамедов ел намысын бес спортшы қорғайтынын жария етті.

Олар: Арли Чонтей (55 келі), Нұрғиса Әділетұлы (96 келі), Артем Антропов (96 келі), Карина Құзғанбаева (81 келі) және Айзада Мүптілдә (87+ келі). Бұл спортшылардың



арасында А.Чонтейдің ғана әлем чемпионатынан алған жүлдесі бар. Ол 2018 жылы Ашхабадта өткен сында күміс жүлде иеленді.

БОКС

Чемпиондардың қоржыны қомақты



Өткен аптада Алматы қаласында Ұлттық олимпиялық комитет пен Қазақстан бокс федерациясы бокстан әлем чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне құрмет көрсетті.

Спортшылар мен жаттықтырушылар, сондай-ақ, ғылыми-кешенді топтың мүшелері әлем чемпионатын нәтижелі аяқтағаны үшін ақшалай сыйақыға ие болды.

Әлем чемпионатының алтын медаліне ие болған спортшыны мемлекет 15 000 АҚШ долларымен, күміс жүлдегерге – 7000 АҚШ долларын, ал қола жүлдегерге 5000 АҚШ долларымен марапаттайды. Сондай-ақ, ұлттық құраманың бас бапкері мен жүлдегерлердің алғашқы және жеке жаттықтырушыларына да беріледі. Сыйақылар Олимпиялық комитет Алматыдағы жиында салтанатты түрде табыс еткен «Халық банкінің» арнайы шығарылған төлем карталарына аударды.

Қазақстан бокс федерациясының ақша-

лай сыйлығын федерация басшысы Кеңес Рақышев табыс етті. Әлем чемпиондарына – 70 мың АҚШ долларынан, күміс жүлдегерлерге – 50 мың доллардан, қола жүлдегерге 25 мың АҚШ доллары табыс етілді. Бокстан ерлер құрамасының бас бапкері Қайрат Сәтжанов, әлем чемпиондары Теміртас Жүсіпов пен Сәкен Бибосыновтың жеке бапкерлері Қуанышбай Көкішев пен Мырзағали Айтжановқа 10 мың АҚШ долларынан берілді. Күміс жүлдегерлердің жеке жаттықтырушылары Ілияс Оралбеков пен Азамат Макажанов – 8,5 мың доллардан, қола жүлдегердің жеке жаттықтырушысы Бауыржан Аманбаев 5 мың доллар иеленді. Сондай-ақ, жүлделер жаттықтырушылар құрамының өкілдеріне, кешенді ғылыми топ мамандарына, әлем чемпионатына қатысқан басқа да спортшылар мен команда мүшелеріне берілді.

Бетті дайындаған
Естен САБАЛАҚ.



КЕРЕК КЕҢЕС

КӨРКЕМ ТҮРДЕ САБЫР ЕТІП ЖҮРСІЗ БЕ?

Сабыр дегенде бізде әу бастан бір проблема бар. Біз оны дұрыс түсінбейміз. Сабырлықты қол қусырып қарап отыру, шыдау деп ойлаймыз. Бірақ исламтанушы, теолог Руслан Чингужанов сабырлықты былай деп түсіндіріп берді.

Сабыр дегенде ол бізде белсенді сабыр болу керек. Мәселен, емтиханнан құлап қалдыңыз. Сіз бұл жерде құлап қалдым деп шыдап отыра бермейсіз. Сіз сабыр сақтаған күйде кітап оқып, тест жаттап, келесі емтиханға жақсылап дайындаласыз. Мұндай белсенді сабыр сізді өз-өзіңізге камалып, тас түйін болып, түніліп кетуден сақтап, сізді келесі деңгейге шығарады. Үйде кран бұзылып қалды делік. Сіз «сабыр еттім» деп күнде аққан суды сүртіп отырмайсыз. Кран бұзылғанда дауыс көтеріп айқайлап, ешкіммен ұрысқан жоқсыз, мұсылманшылық қалпыңыздан шықпадыңыз, алайда проблеманы шешу керек. Сонда осы жерде сіз белсенді түрде амал етуіңіз керек.

Жақсылықта, ғибадат, парызды атқаруда сақтайтын сабыр бар. Өйткені, ол белгілі деңгейде жігерді талап етеді. Балиғатқа толғаннан бастап немесе кейін намаз оқып бастаған адамдардың өмірінің соңына дейін намазын қаза қылмай оқып, ораза болсын әрбір жақсылықта, ғибадатта бекем болу, ол шынымен үлкен сабырлықты талап ететін дүние. Бұл сабырлыққа жәрдем ететін нәрсе бар, ол біздің сеніміміз. Өйткені, қандай да бір амалдың алдында сенім жүреді. Мен судың шөлді кандыратынына сенемін, сол үшін шөлдеген кезде су ішемін. Алайда, біз ғибадатты ораза, намазбен шектемей, ауқымды мағынада алсақ, денсаулыққа күтім жасаудың өзі ғибадат. Олай болса, жаттығу залына барып жүрсеніз оны үзбей жасау, күнделікті жүгіру, серуен жасау дегеннің бәріне сабыр сақтап, үзбей жасау өте маңызды. Себебі, шайтан азғырады, нәпсі қаламайды. Осының бәріне бекем тұру сабырлықты қажет етеді. Алла Тағалаға ең ұнамды іс аз болса да үнемі жасалып әрі

жалғасын тапқан іс. Кітап оқуда да сабырлық бар. Өйткені, күн сайын жиырма минуттан кітап оқу немесе күнделікті таңғы және кешкі дұғаларды оқуда сабырлық көрсету бізді жеңістерге жетелейді. Мұндай сабыр бізді Алла Тағаланың махаббатына апарар жолдағы аялдама деуге болады.

Үшінші түрі жаманшылықтың алдында болған сабыр. Яғни егер адам үнемі жақсылық жасап, ғибадат, құлшылығы толық болса, ондай адамға күнә жасауға мүмкіндік жоқ. Себебі, уақыты жоспарлы. Шайтан азғырайын десе сіз бос емессіз. Яғни өміріміз жақсылыққа толып қалғандықтан, жамандық істеуге бізде уақыт жоқ. Шайтан кімді азғырады? Кімнің бос уақыты көп, ол соны азғырады. Неліктен біз көптеген пайдасыз дүниемен уақыт өткіземіз, себебі, әу бастан біздің уақытымыз жақсы істерге толы емес.

Төртінші түрі бір проблема, жағдай болған кездегі сабыр. Өмір болған соң түрлі келенсіздіктер болады. Оның кейбірі бізге жақпайды, ұнамсыз бірнәрсе болуы мүмкін. Бірақ бұл жерде біз ұнамсыз дегеннің өзін қатысты түрде айтып отырмыз. Алланың қалауымен нәтижесінде ол да жақсылық болуы мүмкін. Мұқағали атамиз айтады ғой: «мәңгі сені жазбаған сүрінуге, қайта тұрып хақың бар жүгіруге». Өмірде адамды небір толқындар соғып, әткеншек секілді адамды шайқап жіберуі мүмкін. Ол бізді күйзеліске апарып, адамның еңсесі мен ұнжырғасын түсірмеуі керек. Егер ол екі килограмдық проблема болса, Алла бізге оны жүз грамдық проблема сияқты жеңіл өткізеді. Сол үшін кез келген киындыққа позитивпен қарсы тұра білу керек.

Терең бір иманнан келіп туындайтын сабырлық бар. Қазір біз қандай қоғамда өмір сүріп отырғанымызды жақсы білеміз. Және менің ішімде бір протест бар. Біздің қоғамда жемқорлық барына, небір әділетсіздіктерге, жастардың арасындағы проблема дейміз бе бәріне риза емеспін. Шыны керек, бізде бүкіл сферада проблема бар. Кез келген процесс уақытты талап етеді. Біз университет бітіру үшін төрт жыл сабыр етеміз. Ол сабыр бізді белгілі бір жақсы нәтижеге, яғни диплом деген нәтижеге апарды. Сол сияқты, Қазақстан қоғамы гүл болатын алтын ұрпақ келе жатыр дегенге сенеміз. Осы жолда бәріміз амал етеміз. Күн-түн демей шапқылап, жүгіреміз, еңбек етеміз. Осы арада бес жыл уақыт өтті делік. Сіз нәтиже күтіп жүрсіз, бірақ ол бес жылда бола салмайды.



Мұндай үлкен жаһандық нәрсенің нәтижесі ұзақ уақытты алады. Құранның өзі жиырма үш жылда түсіп, араб қоғамын өзгертті. Сонда біздің Қазақстан қоғамы аз уақыттың ішінде тез өзгереді деп ойлайсыз ба? Кез келген процесс белгілі бір уақытты талап етеді. Қазақстанның ертең-ақ гүл болғанын қалар едік. Бірақ ертең ертеңгі күн болады. Бәріміз күнделікті ісімізді махаббатпен жасап, әркім өз ісін жақсы атқаруы керек. Сонда бір күні Алла Тағала берекетті, нәтижені нәсіп етеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕН

Бүгін не үшін шүкір айттыңыз?

Мен тұрып жатқан жерге жақын ботаникалық саябақтан қырғауылдың, басқа да құстардың үздіксіз шығарған даусы келеді. Осыны есту рахаты қаладағылардың көбіне берілмеген нығмет! Мен осы нығметті бағалаған түрде күнделікті жазып жүрген шүкір дәптеріме жазып қойдым. Есту, көру, сөйлеу, жазу нығметіне бөлегеніне Жаратушыға шүкірлер болсын! Сіздерге де шүкір дәптерін арнауға кеңес беремін. Шүкірлік айтып қоя салғаннан көрі оны жазу әсерлі әрі сауапты. Жазудың ой мен миға әкелер әсері бар. Сауабы жағына келсек, шүкір айту сауапты іс, ал оны жазу еңбек. Ал әр еңбектің сыйы бар. «Қойшы, не жаза беремін, не нәрсеге шүкір ете беремін күнде» деменіз! Осы постты оқи алғаныңыз үшін де шүкір етіңіз.

(Құрманғазы Садыбаевтың жеке парақшасынан).



ЖОБА

Мешіттер күн энергиясына көшсе...

Greenpeace (Жасыл әлем) атты 1971 жылы Канадада құрылған халықаралық, тәуелсіз, экологиялық ұйымның келтірген дерегіне қарағанда, Таяу Шығыс аймағы, Африка құрлығындағы және Еуропадағы он ірі мешітті жаңғыртпалы энергия көздеріне көшірсе, бұл жылына жүз мыңдаған долларды үнемдеп, аталған мешіттерден атмосфераға бөлінетін көмірқышқыл газын мыңдаған тоннаға кемітуге болады. Бұл жайында islam.kz порталы The National News ақпарат көзіне сілтеме жасай отырып мәлім етеді. Аталған ұйымның меңзеп отырған мешіттердің қатарында қасиетті Мекке қаласындағы Харам мешіті мен Мәдинадағы Пайғамбар мешіті де бар. Мәселен, аталған

ұйым есебінше, Пайғамбар мешітіне күн энергиясын өндіретін панельдерді орнатса, жылына 375 000 доллар үнемделеді екен. Ал Дамаскі шаһарындағы Омаядтар мешіті 373 000 доллар үнемдей алады. Бұдан бөлек, Пайғамбар мешіті жаңғыртпалы энергия көзіне көшсе, жылына 3199 тонна көмірқышқыл газы атмосфераға бөлінбейтін көрінеді. Сарапшылардың мәліметінше, күн панельдерін аталған мешіттерге орнатудың өзі қыпқызыл шығын. Пайғамбар мешітіне мұндай панелдерді орнату 3,1 млн. долларды қажет етеді. Бұл шығын сегіз жылдан соң өз-өзін ақтайтын көрінеді.

Дайындаған
Әсел ДАҒЖАН.

СПОРТ

Жеңімпаздар анықталды



Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен үстел теннисінен жамағат арасында өткен қалалық турнир өз мәресіне жетті.

«STIGA» үстел теннисі клубында өткен финалдық кезеңде 24 спортшы бақ сынап, өз шеберліктерін көрсетті. Аталған спортшылардың дені аудандық іріктеу кезеңінде өнер көрсеткен 300-ге тарта теннисшілердің арасынан үздік шыққандар. Олардың әрбір кездесуі тартысқа толы болды. Алатау ауданы, «Бекет ата» мешітінің намысын қорғаған Бакытжан Тұрғын бас жүлдені, Медеу ауданы, «Көктөбе» мешітінен Кенжебек Камал екінші орынды, Әуезов

ауданы «Таугүл-3» мешітінің атынан өнер көрсеткен Диас Алмабеков жүлделі үшінші орынды иеленді.

Жарыс жоғары деңгейде өтті. Қатысушылардың бәрі де жақсы дайындалған, қарсыластарым да мықты болды. Әсіресе, финалдық кездесу мен үшін ауыр әрі шиеленісті өтті. Сондықтан бүгін сәттілік менің жағымда болды, – дейді жарыс жеңімпазы Бакытжан Тұрғын.

Жарыс соңында жеңімпаз және жүлдегер атанған спортшыларға бағалы сыйлықтар табыс етіліп, дипломдармен марапатталды.

Сонымен, Алматы мешіттерінің жамағаты биылғы маусымды үстел теннисімен қорытындылап отыр. Бұдан өзге, қазақ күресі, волейбол, футбол сынды бұқаралық сипаттағы спорт түрлерінен де тартысты бәсекелер өткені белгілі. Жыл бойына өткізілген спорттық шаралардың негізгі мақсаты – мешіт жамағаты арасында дене шынықтыру мен бұқаралық спортты, салауатты өмір салтын насихаттау. Сонымен қатар, исламның дәстүрлі емес ағымының жетегінде жүрген жандарға асыл діннің оң жолын көрсету.

Бұқаралық спортты насихаттау мақсатында Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқарма алдағы жылы да осындай спорттық жарыстарды өткізуді көздеп отыр.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

КЕРЕК ДЕРЕК

Түбіртектерге сенім телефоны жазылуда



Нұр-Сұлтан қаласының Дін істері басқармасы бірінғай төлем құжатының арнайы түбіртектерінде iKomek-109 дін мәселелері жөніндегі сенім телефонын жазып шығаруда. Бұл туралы елорда әкімдігінің ресми сайты ақпарат таратты.

Түбіртектер Қазақстанда діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018–2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде әзірленген. Басылған және таратылған

түбіртектердің таралымы 300 мыңнан асады. Оларға орналастырылған ақпарат түрлі деструктивті діни идеологиялардың теріс әсерінен азаматтарды қорғау және алдын алуға, дінтану және құқықтық сауаттылықты арттыруға, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, дін істері басқармасы былай деп кеңес береді:

- қоғамдық орындарда діни әдебиеттерді сатып алмауға;
- күмәнді уағызшылардың уағыздарына қатыспауға;
- тексерілмеген дереккөздерден (сайттар, әлеуметтік желілердегі топтар/қауымдастықтар) дін туралы білім алмауға.

Дін туралы айтылған әңгімелерге үнемі сыни көзбен және суық ақылмен қарауға кеңес береді. Қажет болған жағдайда теолог, дінтанушы, психологтан дін саласындағы мәселелер мен ұсыныстар, діни нысандар, мерекелер бойынша кеңес алу немесе дін саласындағы мемлекеттік қызметтерді алу үшін iKomek-109 тегін нөмірі бойынша хабарласуға болады.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАНҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектерді көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ...

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫН ЖАҢҒЫРТҚАН ЖУРНАЛИСТ

Елге танымал мерзімді басылымдарды басқарған әріптесіміз Виктор Кияница өмірден өтті.

Виктор Кияницаны медиасаланың корифейі дейді. Ол әрдайым еліміздің ақпараттық өмірінің алдыңғы қатарында жүрді, Тәуелсіз Қазақстанның ақпараттық кеңістігінің негізін қалаған газеттердің бас редакторы болды. Ол өз жұмысында қазақстандық журналистиканың көпжылдық дәстүрлерін ақпараттылығы мен динамикасымен ерекшеленетін жаңа баспа принциптерімен біріктірген өз ісінің маманы еді. Журналистикаға адал бола отырып, ол шынайы кәсіпқойлықтың үлгісі атанды, жарқын материалдарға жол ашқан шығармашылық аясын құра алды.

Алматының тумасы 1980–1990 жылдары журналистика мамандығына табан тіреді. Мәскеулік мемлекеттік университетті тәмамдап, республикамыздың журналистикасына етене араласып кетті. Ол кездер қалыптасқан форматтар өзгеріп, заманауи журналистиканың негіздері пайда болған жаңа БАҚ-тың туған сәтімен тұспа-тұс келді. Ол өзінің жолын дәл осы басылымдардан бастады. Виктор Кияница алдымен «Комсомольская правда» газетінде, кейін Қазақстандағы «Московские новости», «Огонек» басылымдарында меншікті тілші болды. Одан кейін Gala-TV телекомпаниясының шеф-редакторы қызметін атқарды, ал 1988 жылы «Хабар» агенттігінің «Жеті күн» бағдарламасына жетекшілік етті. Республикадағы ең ірі телеарнаның жаңалықтар қызметіндегі жұмыс журналистке өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік

берді және оның мансабындағы маңызды кезеңге жол ашты – Виктор Кияница ірі ақпараттық құрылымдарды басқара бастады.

Әр жылдары ол ҚР Премьер-Министрінің баспасөз хатшысы, Нұрсұлтан Назарбаев Білім беру қорының қоғамдық байланыстар орталығының басшысы, «ҚазМұнайГаз» баспасөз қызметінің басшысы қызметтерін атқарған. Виктор Кияница «Страна и мир» газетінің бас редакторы, Қазақстанның Ресейдегі елшілігінің кеңесшісі болды, республикаға және одан тыс жерлерге белгілі басқа да бірқатар ақпараттық құрылымдарда жұмыс істеді.

Бас редактор ретінде Виктор Кияница басқарған соңғы басылым Қазақстандағы «Комсомольская правда» газеті еді.

Кәсіби еңбек еткен жылдары Виктор Кияница «Алтын жұлдыз» конкурсының лауреаты атанды, Мемлекет басшысының қызметін жан-жақты халыққа жеткізіп, жария еткені үшін бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығына ие болды (2019), алғашқылардың бірі болып Қазақстан Республикасы Журналистика академиясының академигі атанды.

Өкінішке қарай, журналистің өмір жолы 58 жасында кенеттен қиылды. Оның о дүниеге өткені жайлы суық хабар барша әріптестерінің қабырғасын қайыстырды.

«Қазақстандық журналистика тағы бір мәрте қара жамылды – отандық медиасфераның корифейлерінің бірі, талантты редактор және медиаменеджер Виктор Кияница қайтыс болды. Виктор Витальевич үлкен шығарма-



шылық жолдан өтті, ҚР журналистика академиясы болды. Күйрықты жұлдыздай жарқ етті де, бізді тастап кете барды», – деп Facebook-те ҚР АҚДМ басшысы Аида Балаева жазды.

Қазақстан Журналистика академиясының басшысы, профессор Сағымбай Қозыбаев Виктор Кияница еліміздің заманауи медиа-кеңістігінің негізінде тұрғанын, туған елі Қазақстанда да, Ресейде де журналистика саласында беделді кәсіби маман болғанын атап өтті:

– Ол жаңа заман журналистикасын қалыптастырған, елімізде «АиФ» пен «Комсомольская правда» сияқты брендтерді дамытқан, Қазақстан Журналистика академиясын ұйымдастыруға көмектескен адамдардың қатарында болды. Әріптесіміз кәсіби байланыстарды жолға қойған, қазақстандық, ресейлік журналистиканың үздік дәстүрлерін үйлестірген жасампаз болды. Ол біздің мамандығымызға тән бар жаксыны өз бойына сіңіре алған кемегер адам еді.

«Alataу Aqparat» ЖШС ұжымы Виктор Кияницаның туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматыда өмірінің 58-ші жылында белгілі қазақстандық журналист, «Комсомольская правда в Казахстане» газетінің бас редакторы

Виктор КИЯНИЦА

өмірден озды. Виктор Кияница – Алматы қаласының тумасы, М.Ломоносов атындағы ММУ журфагының түлегі. 1990 жылдардың басында «Комсомольская правда», содан кейін Қазақстандағы «Московские новости» мен «Огонек» басылымдарының меншікті тілшісі болды. «Хабар» телеарнасында жұмыс істеді, бұрынғы Премьер-министр Нұрлан Балғымбаевтың, «ҚазМұнайГаздың», Нұрсұлтан Назарбаев Білім беру қорының баспасөз қызметтерін басқарды. «Страна и мир» газетінің бас редакторы, Қазақстанның Ресейдегі елшілігінің кеңесшісі болды. Оның есімі біздің жадымызда мәңгі сақталады.

Қазақстан Журналистер одағы.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса «Казпочта» АҚ Алматы почтамтына: 261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

Журналист, редактор, талантты және жанашыр ұстаз, адал дос
Виктор Витальевич КИЯНИЦА

өмірден озды. Қаралы хабар бүкіл журналистика қауымдастығына бірден таралып, ешкімді бей-жай қалдырмады. Ол еңбек жолын репортерден бастап, қазақстандық «Комсомолканың» бас редакторына дейін журналистикаға аянбай адал қызмет етті.

Мамандық өзіндік ізін қалдырмай қоймайды. Журналистика кәсібінің соңғы уақыттары жоғалып бара жатқан асыл рухы – адал сөйлеу, қолұшын беру, кейде құтқару Виктордың өне бойына дарығанына ешкім күмән келтіре алмайды. Шынымен де, Виктор құтқарушы талантына сәйкес қысқа сөйлеп, кәсіби маманға тән тиімділігімен ерекшеленді.

Виктор Витальевич, сізбен қоштасу бізге ауыр қаза. Артыңызда қалған мол мұра біздің жадымызда, сөзіңіз бен ісіңіз ел есінде.

Қазақстан Журналистика академиясы.



ӨНЕРТАБЫС

ҚАТҚАН НАН ШАШЫЛЫП
ЖАТПАЙТЫН БОЛДЫ

Ағайынды алматылық ерекше дүние ойлап тапты

Алматылық кәсіпкерлер қатқан наннан үй жануарларына жем жасау тәсілін ойлап тапты. Ағайынды екеу қоқыстағы нанды жинап, оны қайта өңдейді. Олар үш күнде 600 келі жем шығарады. Әлеуметтік жоба тұрғындар арасында үлкен қызығушылыққа ие болуда.



Ағайынды Сәрсевтер әзірге шағын ғана цех ашқан. Қаладағы қоқыс жәшіктерінде көгеріп, кеуіп жататын нандар сонда қайта өңдеуден өтеді.

Жемді дайындау процесі бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен, кепкен нан арнайы аппаратқа түсіп, сонда үгітіледі. Әрі қарай үлкен ыдыста араластырылып, арнайы түйіршіктейтін құрылғының көмегімен жануарларға қажетті жем алынады.

Мұндай батыл әрі сауапты шешімді кәсіп иелері карантин кезінде қабылдаған. Жобаны Тұрғын үй саясаты басқармасы да қолдап, нан жинайтын жәшіктерді қолатын орындарды бекітіп берген. Қазір арнайы бөшектер Әуезов ауданында 248 жерге қойылған. Алдағы уақытта қаланың барлық аумағы қамтылмақ.

Бір жинап келгенде 100 нүктеден әзірге 600 келі нан шығып жатыр. Бірақ ақырындап өсуде. Жұрт та түсініп, өздері бөлек жинап беріп жүр. Біздің жемді үй жануарларына да, сиыр, жылқы, қой, тауыққа да беруге болады. Балық та жейді, – деді кәсіпкер Бағдат Сәрсев.

Құнарлылығы бидайдан кем емес өнімнің сапасы мен құрамы арнайы зертханада

зерттеліп, мақұлданыпты. Ал сары бөшектер қалалықтар үшін өте ыңғайлы болып тұр. Халық та нанды жерге тастағанша, бөлек жинағанды қолдайды.

Нан қоқыста шашылып жатқан кезде жүрегіміз ауырады. Бір жинайсың, екі жинайсың, сонымен қалады. Бүкіл шашылған нанды жинау мүмкін емес қой. Ал мына бөшектер ыңғайлы болды. Бұрынғыдай қатқан нан шашылып жатпайды. Нанның қадірін қазірден үйретпесек, бала кейін оны түсініп, біле қоймас, – дейді Әуезов ауданының тұрғыны Бота Әлімғазина.

Бұл – тамаша идея. Маған қатты ұнады. Өйткені, көпқабатты үйде нан қалдығын қайда тастауды білмей қаласың. Ама! жоқ, қоқыс жәшігіне тастауға мәжбүр боламыз. Нан қалдығының бәрін көгертіп жинап қоя алмаймыз ғой. Негізі, жақсы ойлап шығарған, – дейді қала тұрғыны Гүлмай Серікбай.

Кәсіпкерлердің әзірге тұтынушылары көп емес. Олар алдағы уақытта өнімді кеңейтіп, өндірістің 20 пайызын нанды қайта өңдеуге, қалған 80 пайызын тыңайтқыштар шығаруға бейімдемек. Тіпті, жиналып қалған полиэтиленді де қайта өңдеуді жоспарлап қойған.

КИНОӘЛЕМ

ЖАҢА ТУЫНДЫ
КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ
немесе кинодағы жағдай өмірде қайталанған

Шаһарда «Тойхана» фильмінің тұсаукесері өтті. Басты рөлдерді актриса Құралай Анарбекова, Алмат Сақатов, Мира Добрынина, Ерлан Пірімбетов сынды актерлер мен Қайрат Нұртас, Абай Бегей, Ерке Есмахан сынды эстрада жұлдыздары сомдайды.

Түсірілімі бір айға созылған фильмнің режиссері – Әлішер Өтев. Сценарий бір жыл жазылыпты.

«Тойхана» деген өте жақсы тақырып таңдалған екен. Әсіресе, пандемия кезінде жастардың осындай кино түсіріп жатқанын үлкен жетістік дер едім, – деді ҚР еңбек сіңірген қайраткері, әнші-композитор Марат Омаров.

Фильмнің көрсетіліміне келгендердің арасында аға буын өкілдері де болды. Ең қызығы, фильм 2019 жылы түсірілген. Түсіріліп болғаны сол екен, пандемия басталып, көрсетілімі кейінге шегеріліпті. Десе де, туындының оқиға желісі

пандемия кезін бейнелегендей болды дейді келушілер.

Менің бір таңқалатыным, осы киноға шақырту алған кезде карантин болған жоқ еді. Халық жап-жақсы өмір сүріп жатқан болатын. Түсірілімнен кейін жарты жылдан соң дәл сол кинодағыдай жағдай қайталанды. Үкіметтен тойларға шектеу қойылды. Халыққа тойға баруға шектеу қойылды. Кинода бір жарым жыл басымыздан өткерген жағдай расымен қайталанды, – дейді әнші Абай Бегей.

Әзірлеген
Айкерім НӘДІБЕКОВА.

CORONA
VIRUS2020/KZ«PFIZER»
ВАКЦИНАСЫМЕН
ВАКЦИНАЦИЯЛАУҒА
ҚАРСЫ
КӨРСЕТІЛІМДЕР:

– препараттағы белсенді затқа немесе кез келген басқа компоненттеріне аллергия;

жұмыртқа немесе желатинге аллергия вакцинация үшін қарсы көрсетілім болып саналмайды, өйткені вакцинада мұндай компоненттер жоқ.

Жіті инфекциялық ауруы бар немесе созылмалы аурулары асқынған адамдарға коронавирус инфекциясына қарсы вакцинациялауды кейінге қалдыру керек.



– 12 ЖАСҚА ДЕЙІН
– 16 АПТАҒА ДЕЙІНГІ ЖҮКТІЛІК.

«PFIZER» ВАКЦИНАСЫМЕН ВАКЦИНАЦИЯЛАУ КЕСТЕСІ:

1 ДОЗАСЫ
– КЕЗ КЕЛГЕН
НӘДІК КҮН;



2 ДОЗА
– БІРІНШІ ДОЗАНЫ
АЛҒАННАН KEЙІН
21-ДЕН 28 КҮНГЕ
ДЕЙІНГІ АРАЛЫҚТА.

CORONA
VIRUS2020/KZ

12 ЖАСҒАН 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЕГУ КАБИНЕТТЕРІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ. ЖАСӨСПІРІМДЕР АТА-АНАСЫНЫҢ НЕМЕСЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛІНІҢ ҚАЛАУЫ БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ ЕГУ ПУНКТТЕРІНДЕ ДЕ ВАКЦИНА АЛА АЛАДЫ.



МЕКТЕПКЕ БЕКІТІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ ҮШІН ЕГУ БРИГАДАСЫНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАЯРЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ:



Вакцинаның қауіпсіздігі мен тиімділігі үшін сақтау мен тасымалдаудың өртүрлі деңгейінде «суық тізбек» қамтамасыз етіледі.

«Pfizer» вакцинасы минус 60-90°C температурада облыстық денсаулық сақтау басқармаларының қоймаларында сақталады.

Ал, білім беру ұйымдары мен медициналық ұйымдардың егу пункттерінде күнтізбелік 31 күнге дейінгі мерзімде плюс 2-8°C температурада сақталады.

МЕКТЕПКЕ БЕКІТІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМ
ЖӘНЕ МЕКТЕП БАСШЫЛЫҒЫ:

– Егу кабинеттерін ҚР ДСМ №361 бұйрығына сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай жабдықтауды;

– алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған препараттардың болуын;

– бір жерде көп шоғырланбау үшін өгілетін адамдардың ағынын шектеуді;

– әлеуметтік қашықтықты сақтау шартымен вакцинацияға дейін күту және вакцинациядан кейін бақылауда болуға арналған жеке бөлме жасақтауды;

– мектеп және медициналық ұйым психологтарының жасөспірімдерді COVID-19-ға қарсы вакцинациялауға қатысуын қамтамасыз етеді.



ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!